

ЛЕНИН ТУУ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 46 (9623)

1955 жылғы

6 март Жексенбі

Шығуына 35 жыл,
жеке саны 20 тыйым

Бүгін—Қазақ ССР Жоғарғы
Советі мен жергілікті
Советтердің сайлау күні.
САЙЛАУҒА ТҮГЕЛ ҚАТЫСАЙЫҚ!

БҮГІН—САЙЛАУ!

Бүгін республикамызда бүкілхалық-
тық ереке—Қазақ ССР Жоғарғы Советі
мен жергілікті Советтердің сайлау күні.
Бүгінгі республикамыздың еңбекші-
лері саяси және өндірістік өрлеу үстінде
аса зор қуанышпен қарсы алып отыр.

Бүгін республикамыздағы сыяқты об-
лысымыздың еңбекшілері де бұл мерекелі
күнге қызу әзірлене отырып, зор ұйым-
шылдықпен, өндірістік лайықты тарту-
лармен келді.

Редакцияға былғары заводы коллекти-
вінің сайлау күніне дейін екі айлық тап-
сырманы 113,6 процент орындағаны, қа-
былдаған міндеттеме бойынша еңбек өнім-
дінің 3 процент арттыру орнына, 5,1
процент арттырғандығы, былғары шикі-
затын бір процент үнемдеу орнына, 7
процент үнемдегендігі жөнінде хабар түс-
ті. Сондай-ақ, редакция облыстық кәсіп-
шілік кооперациясы жүйесіндегі кәсіп-
шілік артельдерінің түгелге жуық сай-
лау аясындағы социалистік жарыста қа-
былдаған міндеттемелерін аброймен орын-
дағандығы туралы хабар алды. Петро-
павл паровоз депосының операторы Ах-
ременко жолдас аға машинист Данченко
басқарған паровозшылар коллективінің
февральда тиісті станцияларға 25 ауыр
жүк тиелген составтарды жеткізудің ор-
нына, 28 ауыр жүк тиелген составтарды
жеткізгендігін, Тимирязев атындағы
МТС-тің директоры Хлабыстов, МТС пар-
тия ұйымының секретары Терехов жол-
дастар 6 мартқа дейін МТС-те 49 трак-
тордың жөндеуден өткізілгендігін немесе
трактор жөндеудің жылдық жоспарының
толық орындалғандығын қуанышпен ха-
бар етті.

Бұл мысалдар шаруашылықтың бар-
лық саласында сайлау алдындағы соци-
алистік жарыстың қулаш жая кең өріс
алғандығын көрсетеді. Мұның өзі совет
адамдарының Отан игілігі, халық игілігі
үшін қызмет етуде жанамай еңбек етін
еңе жатқандықтарын дәлелдейді. Осы
ізгі ниет совет адамдарының өздерінің
бақытты болашағы үшін туысқандық
ынтымақпен, мызғымас бірлікпен күресін
отырғандығын және күресе беретіндіктерін
сыпаттайды.

Совет халықтарының қол жеткен та-

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь,
февраль-март және июнь Пленумдарында
атап көрсетілгеніндей, январь Пленумын-
да да социалистік ауыл шаруашылығын
ишугыл өркендетудің жолдары белгіленді.
Январь Пленумы ауыл шаруашылығы
ның алдына таяудағы бес-алты жылда
жыйналатын астықтың мөлшерін жыл
сайын кемінде 10 миллиард пұтка жет-
кізу және мал шаруашылығының негізгі
өнімдерін өндіруді екі және екі еседен
аса ұлғайту, сөйтіп жеңіл өнеркәсібімізді
шикізатпен, халқымызды азық-түлікпен
барынша мол қамтамасыз ету міндетін
қойды. Совет адамдары бұл міндетті ауыл
шаруашылығын өрге бастырудың жауын-
герлік программасы деп танып, егін және
мал шаруашылығы өнімдерін арттырудың
шараларын жүзеге асырды.

Бүгін республика сайлаушыларымен бір-
ге облыс сайлаушылары да коммунистер
мен партияда жоқтардың халықтық бло-
гіне дауыс бере отырып, ауыл шаруашы-
лығын жаңа талаптардың дәрежесіне сай
мықтап өркендету үшін дауыс береді.

Сайлауға әзірлік күндерінде бүкіл со-
вет халқымен бірге облыс еңбекшілері де
ССРО Жоғарғы Советі екінші сессиясы-
ның қарарларын, онда сөз сөйлеген
Н. А. Булганин жолдастың сөзін, халық-
аралық жағдай және ССРО Үкметінің
сыртқы саясаты туралы В. М. Молотов
жолдастың баяндамасын қызу талқыла-
ды. Совет халқы үкметіміздің сыртқы
саясатын, Жоғарғы Советтің Декларация-
сын бірауыздан мақұлдап, оған біркісі-
дей үн қосты. Совет Одағының сыртқы
саясаты халықтар арасындағы бейбітші-
лікті баянды етуге, соғысқа қарсы, атом
қаруын және жаппай қырып-жоятын
басқа да қаруды көбейтіп, оны соғысқа
қолдануға тырысып отырған импери-
алистік лагерьдің саясатына қарсы ба-
ғытталған. Дүние жүзінің көп миллион-
даған халқы, бейбітшілік сүйгіш адал
ниетті қарапайым адамдары Совет Одағы-
ның бұл саясатын жақтап отыр.

Бүгін республика сайлаушыларымен бір-
ге облыс сайлаушылары да коммунистер
мен партияда жоқтардың халықтық бло-
гіне дауыс бере отырып, Коммунистік
партияның және Совет Үкметінің сыртқы

Коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогінің кандидаттарына бірауыздан дауыс берейік!

ПАРОВОЗДЫ КҮТЕ БІЛСЕН —ЕҢБЕГІН ДЕ ТАБЫСТЫ

Петропавл торабы —біздің жол бәлім-
шесінің жүрегі. Петропавл арқылы күн
сайын халық шаруашылығына қажетті
жүктер тиелген ондаған поезд составта-
ры өтіп жатады. Мұнда бейбіт өмір мен
күрделілікке, адамдарымыздың әл-ауқатын,
мәдени-тұрмысын жақсартуға арналған
жүк тасқыны үзілмейді. Осы жүктерді
мерзімінде және көп тасымалдау міндеті
біздерге, машинистерге жүктеледі.

Мен осындай абройлы міндеттерді
орындау жолына өз өнерімді, іскерлік
қабілетімді аямай жұмсап келемін. Ло-
комотивтің күтімін жақсы ұстасаң, тех-
никалық ережелерді бұлжытпай орындап
отырсаң, көтеріп жөндегенде, немесе
жуып тазалағанда жұмысқа ақау жібер-
месең еңбектің өнімді болатыны маши-
нистердің әрқайсысына мәлім. Бұл жағы-
на мен әрқашан баса назар аударамын.
Мұның өзі де менің жақсы табыстарға
жете беруіме мүмкіндік тудырып отыра-
ды.

Паровоз депосының барлық машинис-
теріндей мен де Қазақ ССР Жоғарғы Со-
веті мен еңбекшілер депутаттарының
жергілікті Советтерінің сайлау күніне
лайықты тарту әкелдім. Сайлау алдында-
ғы соңғы бір сапарымда мен Петропавл
станциясынан Жоспардағыдан 600 тонна
жүк артық тиелген составты алып шы-
ғып, Есілкөл станциясына белгіленген
уақыттан едәуір бұрын жеткіздім.

Әрине, бұл көрсеткіш мені масаттап-
дырып, тоқмейілетпейді. Мен өндірісте
еңбекті бұдан да өнімді, бұдан да жүйелі
істеу үшін күресетін боламын.

А. БОДРОВ,

Паровоз машинисі.

ИГІ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ

Біздің заводтың жұмысшылары мен
инженер-техник қызметкерлері сайлау
алдындағы социалистік жарысқа ұшта-
сып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер ал-
ған болатын. Завод коллективі өлеуші та-



лық басшылығымен, Совет Үкметінің орасан зор қамқорлығымен тығыз байланысты. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің халық мақсатынан басқа мақсаты, халық мүддесінен басқа мүддесі жоқ. Оның мақсаты мен мүддесі—бейбіт еңбек пен халық шаруашылығын онан әрі дамыта беру, халқымыздың әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін барған сайын жақсарту, түсу, елімізде коммунизм орнату. Сондықтан да совет халқы партия мен үкметіміздің бұл саясатын қызу қолдап отырады, оның ланышпаңдық басшылығына, жеңімпаз күшіне, ішкі және сыртқы саясатының аурыстығына шексіз сенеді.

Халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетудің берік негізі, еліміздің экономикалық қуатының және қорғаныс қабілетін нығайтудың негізі, халықтың әл-ауқатын арттырудың қайнар бұлағы болып табылатын ауыр өнеркәсіпті өсіріп, жетілдіре беруге Коммунистік партия орасан зор көңіл бөліп келді және бөліп те отыр. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы бұл мәселеге ерекше назар аударып, халқымыздың алдына елімізде ауыр өнеркәсіпті дамытатын сайын өркендете беру міндетін қойды. Халқымыз Пленумының бұл нұсқауын қанағаттанғандықпен қарсы алып, көзір оны мүлтіксіз жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Бұл бұйықхалықтық күреске біздің облысымыздың еңбекшілері де өз үлестерін қосуда.

Бүгін республика сайлаушыларымен бірге облыс сайлаушылары да коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогіне дауыс бере отырып, халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетудің, еліміздің экономикалық қуатын және қорғаныс қабілетін арттырудың, халқымыздың әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін жақсарту берудің негіздерінің біріншісі ретінде өнеркәсіптің онан әрі өркендеуі үшін дауыс береді.

Советтердің сайлауы құрметіне

Депутаттыққа кандидаттардың еңбектегі табыстары

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскемен мырыш зауыдының коллективі таңдаулы 20 өндірісшіні жергілікті Советтердің депутаттығына кандидат етіп ұсынды. Сайлау күнінің жақындап келе жатқанын олардың бәрі де еңбекте табысқа жетіп, атап етуде, екі айлық тапсырманы мерзімінен бұрын орындады.

Өскемен қалалық Советінің депутаттығына кандидат — электролит цехының катодчигі Василий Дмитриевич Дегтярев кеше 1956 жылдың есебіне алғашқы металл берді. Оның есеп кітапшасына сайлау құрметіне жазтаға тұрғаннан бері

бітшілік пен ынтымақ саясатының нығайтуы үшін дауыс береді.

Біздің елімізде сайлау—нағыз халықтық мереке. Бұл күнді еңбекшілердің асыға күтіп, зор қуанышпен қарсы алуы совет адамдарының дәстүріне айналған іс. Жоғарыда облыс еңбекшілері сайлау алдындағы социалистік жарысты кең көлемде өрістете отырып, сайлау күнін жаңа табыстармен қарсы алды дедік. Өрине, бұл сүйсінерлік іс. Бірақ совет адамдарында қол жеткен табыстарға тоқмайып, тоқырап қалу сияқты зиянды әдет болмауы керек. Жергілікті партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары сайлау алдында қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, шаруашылықтың барлық саласында социалистік жарыстың онан әрі кең өріс алуына, сөйтіп, еңбек өнімділігінің еселен артуына жетісулері керек.

Көзір облысымыздың озат кәсіпорындарында, сол сияқты, колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күрес қыза түсті. Бұл инициативаны қуаттау, артта қалған шаруашылықтарды алдыңғылардың қатарына теңеу үшін басшылықты күшейту —партия, совет ұйымдарының маңызды міндеті. Бұл күндері колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда, көктемгі егіске зор мад қыметі, төл алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстарды ойдағыдай орындау халық шаруашылығын дамыта беруге, Станымыздың күш-қуатын арттыра беруге келелі үлес қосқандық болып табылады. Бұл жұмыстарды мінез жүзеге асыру СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысын бұлжытпай орындауға мүмкіншілік турғызады. Пленум қаулысын іс жүзінде орындап шығу совет адамдары үшін зор аброй, құрметті іс.

Сайлауға түгел қатысайық! Коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогінің салтанат етуі үшін дауыс берейік!

жеті мың киловатт-сағат электр қуатын үнемдегені жазылды. Күйдіру цехының аға пешшісі Александр Павлович Дроботтың еменасы күн сайын тапсырмаға қосымша концентрат береді. А. П. Дробот қалалық Советтің депутаттығына кандидат.

Бұл күндерде жергілікті Советтердің депутаттығына кандидаттар — катодші Әуғали Қалиев, пеш бригадирі Александр Васильевич Корниенко, металл қорытушы Мұқаш Мұқанжанов және басқалары ойдағыдай еңбек етуде.

бысқа жетті. Екі айдың өндірістік жоспары 113,6 процент орындалды. Бұл өндірісте еңбек өнімділігінің 105 процент болуын қамтамасыз етті.

Партиялық-саяси жұмыстың тыңғылдықты жүргізілуі де табысымыздың көпші болып табылды. Озаттар тәжірибесін кеңінен насихаттау, завод партия ұйымының жұмысында басты орындардың бірін алады. Мұндай озаттар бізде аз емес. Олардың ішінде өндірістік тапсырмасын 141 проценттен орындаған Антоенко, Гричман, 132 процент көрсеткішке ие болған Браташова сияқты маңдай алды жұмысшыларымыз бар.

Озаттар тәжірибесін цехтарға бөлінген 10 үгітші арқылы, әрбір цехта және завод бойынша шығып тұратын қабырға газеттері, жауынгерлік листовтар, «молниялар» арқылы насихаттап отырдық.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы завод коллективін жігерлендіре түсті. Біз өзіміздің өнімді еңбегімізбен бүкіл халық шаруашылығын қуатты өркендету ісіне үлес қосуға бел байлап отырмыз. Сайлау құрметіне берген тартуымыз — осы үлестің бір бөлегі ғана.

Ф. ХАМИДУЛЛИН.

Қаладағы былғары заводы партия бюросы секретарының орынбасары.

Бақытты болашақ үшін

Мен ата-анамнан жастай айрылдым. Бірақ таршылық, жетімшілік көрдім деп айта алмаймын. Өйткені мен жалғыз қалған күнімнен бастап-ақ Отан қамқорлығына бөлендім. Басқа жолдастарымнан қалыспай оқып, білім алуыма, шат өмір сүруіме барлық жағдай жасалды.

Жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін қаладағы № 5 қазақ орта мектебінің 8 класына оқуға түсіп, мектеп жанындағы интернат-пансионға қабылдандым. Мұнда оқыған 3 жылдың ішінде Коммунистік партия мен үкметіміздің балаларға деген қамқорлығының тамаша өкентігіне көзім әбден жетті. Мұнда 140 оқушы тәрбиеленеді. Үкмет олардың жақсы оқуына қажетті жағдайдың барлығын тудыру үшін жыл сайын жүздеген мың сомның қаржысын босатып келеді. Жас өспірімдерді тәрбиелеуде арнаулы білімдері бар онға жуық тәрбиешілер жұмыс істейді. Ал мұнда тәрбиеленген оқушылар бұл әкелік қамқорлыққа жақсы оқумен жауап беруде.

Бүгін Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлауы күні, мен алғаш рет өзімнің азаматтық борышымды өтедім. Дауыс берерде менде бір ғана ой болды: Ол—бақытты балалық, жарқын болашақ үшін дауыс беру.

С. САУЫТБАЕВ,

Жас сайлаушы, № 5 орта мектептің 10-класс оқушысы.



Суретші И. Лукиннің жасаған плакаты.

Бір бригаданың табысы

Петропавл паровоз депосының ара машинисі Данченко жолдастың бригадасы Қазақ ССР Жоғарғы Советі және жергілікті Советтердің сайлауы қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, көтерілді міндеттеме алғанды. Бригада мүшелері жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындап шығу жолында қарқынды еңбек етіп, халық шаруашылығына қажетті жүктерді көптеп тасымалдауға, локомотив айналымын тездетіп, сөйтіп оның күшін сарқа пайдалануға жетісті.

Бригададағы машинист Пелипеев жолдас быйыл бірінші жыл ғана локомотив жүргізеді. Ол өндірісте еңбек ете бастаған аз күндердің ішінде өзінің еңбексүйгіш, ұқыпты, жас маман екендігін көрсетті.

Пелипеев жолдас № 770 паровозбен еткен февраль айында Петропавл станциясынан 14 ауыр жүк тиелген составты алып шығып, Есілқол және Макушин станцияларына графикте белгіленген уақыттан едәуір бұрын жеткізді. Ол бұл составтарға 6935 тоннадан астам халық шаруашылық жүктерін жоспардағыдан артық тиіп, алып барды. Озат машинист сапарға шыққанда, жолдағы станциялардың бірде-біріне экипировка жасауға

тоқтамай, уақытты үту әдісін кеңінен қолданды. Соның нәтижесінде Пелипеев жолдас жүк тиелген составтарды уақытынан бұрын жеткізіп, 8 рет паровозды айналымға берді.

Осы бригада машинисі Филиппенко жолдастың еңбек үлгісі де атап айтарлықтай. Ол локомотивті техникалық жолдары күтімде ұстай отырып, сапарға шыққанда оның барлық тетіктерінің бірдей жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Сонымен бірге, локомотивтің сағаттық, тәуліктік жүріс жылдамдығын едәуір арттырды.

Өздерінің адал еңбектерімен коллективтің сый-құрметіне бөленген бұл бригада мүшелері бір ай ішінде 25 ауыр салмақты поездды алып жүрудің орнына, 28 ауыр салмақты поезд жүргізді. 14 рет сапарға шыққан кезде ешбір жерге тоқталмай өтті.

Бұйықхалықтық мейрам—Қазақ ССР Жоғарғы Советі және еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауы күніне бұл бригада мүшелері де өздерінің өндірістегі зор табыстарымен келді.

В. АХРЕМЕННО,

Паровоз депосының операторы.

ЛАЙЫҚТЫ ТАРТУ

Суворов МТС-нің механизаторлары Советтердің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, сайлау күні —6 мартқа дейін тракторларды жөндеу жұмыстарын аяқтауға ұйғарған еді. МТС механик заторлары өздерінің бұл міндеттемесін аброймен орындап шықты. МТС коллективі кеше трактор жөндеу жұмыстарын толық аяқтап, оларды көктем егісіне толық әзір етті. Енді аз күннен кейін ауылшаруашылық тіркеу саймандарын жөндеу жұмыстары да аяқталады.

Өз жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарап, нормаларын үнемі асыра орындайтын механизаторлар МТС-те ондап саналады. Механик Григорий Гаук, Ми-

хаил Шерясовтар өздерінің қажырлы еңбегімен көпшіліктің құрмет қоспеметіне бөленген. Сондай-ақ, механизатор Анатолий Губер, ұста Артем Никонов жолдастар да трактор жөндеу жұмыстарына белсене қатысып, нормаларын 200-250 проценттен орындап отырды.

МТС механизаторлары сайлау күніне тамаша тартумен келіп, оны игі табыстарымен қарсы алып отыр. Олар бүгін —бүкілхалықтық мереке күні сайлауға тегіс қатысып, халық қалаулыларына біркісідей дауыс береді. Сөйтіп, өздерінің Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасқандықтарын салтанат етеді.

Мерзімінен бұрын

Қалалық аралас сауда мекемесінің коллективі екі айлық товар айналымының жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындады. Мұндай алдыңғы қатарлы коллективтің қатарына № 3 шаруашылық есептеті, № 14, № 62 магазиндердің коллективтері жатады. Жекелеген сатушылар халықтың өскелең тілегіне сай жұмыс істеп, оларды қажетті товарлармен қамтамасыз етіп отырды.

Қалалық аралас сауда мекемесі қала еңбекшілеріне кештірілген жеміс, өрік, велосипед, тігулі киімдер, шаруашылық және спорт товарларын бұрынғы жылдардан молырақ сатуды жоспарлап отыр.

Үстіміздегі жылы екінші тоқсанның басында жылу электр орталығы мен Ойқала ауданында жаңадан өкі азық-түлік магазині ашылады. Мұның өзі Ойқала еңбекшілері мен жылу электр орталығы жұмысшыларын азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсартуға мүмкіндік береді.

Қалалық аралас сауда мекемесінің коллективі тұтынушылардың өскелең тілектеріне сай жұмыс істеп, мәдениетті совет саудасын онан сайын жақсарту береді.

М. КАНЦЕРОВ,

Қалалық аралас сауда мекемесі директорының орынбасары.

Халық бақыты үшін

Бүгін, қуанышты күн, совет адамдары сайлауға жаппай қатысып, ССРО Конституциясында берілген Ұлы праволарын тағы да жүзеге асырады. Советтік демократия туы астында көп ұлтты халықтарымыз елімізде коммунистік қоғам орнатуда табыстан табысқа жетуде. Олар қуатты Отаны, бақытты тұрмысы үшін Коммунистік партия, Совет үкметіне борышты екенін жақсы біледі.

Сондықтан мен бүкіл совет адамдары сияқты бүгін еліміздің онан әрі гүлденіп, өркендеуі үшін, Коммунистік партия мен Совет үкметінің саясаты үшін, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беремін.

Б. РАМАЗАНОВ.

Преснов ауданы, Киров атындағы колхоз, Ленин орденді қарт оқытушы.

СОКП Орталық Комитетінің қаулысы

Халықаралық әйелдер күні 8 март туралы

Халықаралық әйелдер күні 8 мартты еліміздің еңбекшілері бйбылығы жылы СССР халық шаруашылығын өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары мерзімінен бұрын орындау жолындағы, бүкіл советтік экономиканың қуатты негізі — ауыр өнеркәсіпті ұдайы өрге бағыту жолындағы, социалистік мемлекетті оған әрі нығайту және совет адамдарының әл-ауқатын арттыра беру жолындағы бүкілхалықтық күрес жағдайында атап өтеді. Коммунистік партияның басшылығымен Совет Одағының еңбекшілері бүкіл социалистік лагердің халықтарымен туыскандық снтымақта бейбітшілік ісін дәйектілікпен қорғауда, халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолында, халықтардың коллективтік хауіпсіздігі жолында қажырлықпен күресуде, Коммунистік құрылыстың аса зор программасын жүзеге асыра отырып, совет елінің халықтары өз күштеріне, Ұлы Отанымыздың және бүкіл бейбітшілік, демократия, социализм лагерінің мызғымас қуатына кәміл сенуде.

Совет өкметі тарихта тұңғыш рет әйелдерді азат етіп, оларды қоғамның тең праволы мүшелері қатарына қосты, сөйтіп, еркін және бақытты тұрмыстың даңғыл жолына түсірді. Сарқылмас мол инициативасын, еңбектегі ерлігін және жаңашылықты дарындатылғын көрсете отырып, совет әйелдері шаруашылық мемлекеттік, мәдени және қоғамдық-саяси тұрмыстың барлық салаларында жанаямай еңбек етуде, Отанымыздың байлығын мөлайтуда, социалистік қоғам орнатуды аяқтау және коммунизмге бірте-бірте өту жолындағы күрестің ұлы ісіне зор үлес қосуда.

Миллиондаған әйелдер өнеркәсіптегі, транспорттағы және құрылыстағы еңбек майданында ерлік, қажырлық көрсетуде. Бүкіл совет халқымен бірге әйелдер өнеркәсіп өнімін шығаруды мөлайту, еңбек өнімділігін арттыру жолында, транспорт жұмысын жақсарту жолында, құрылыс мерімін қысқарту және өнеркәсіп орындарын, құрылыстарды, тұрғын үйлерді мезгілінде пайдалануға беру жолында күресуде. Сан мыңдаған әйелдер кәсіпорындардың озаттары, прогрестік еңбек әдістерінің инициаторлары, өндіріс рационализаторлары болып табылады. Жүздеген мың әйелдер фабрикалар мен заводтарда инженер, техник болып, ойдағыдай жұмыс істеуде.

Әйелдер — социалистік ауылшаруашылығында зор күш. Ондаған миллион шаруа әйелдер аса маңызды халық шаруашылық міндеттерінің бірі — ауыл шаруашылығының барлық салаларын өрге бағыту міндетін шешуге белсене қатысуда, астық өндіруді арттыру, мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жолында, картоп, овощ және техникалық дақылдар өндірісін өрге бағыту жолында күресуде. Ондаған мың әйелдер ауылшаруашылық өндірісінің жауапты участоктерін басқаруда, ауыл шаруашылығының механизатор, бригадир, мал фермасының менгерушісі, зоотехник, агроном, колхоз председатели, МТС және совхоз директоры болып жұмыс істеуде. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің шақыруымен мыңдаған патриот әйелдер тың және тыңайған жерлерді игеруге барды.

Ұлы Ленин еңбекшілерді мемлекет басқару ісін үйренуге, әйелдердің қалың топтарын мемлекеттік істерді басқаруға қатыстыруға шақырған болатын. Ленинің бекістігін орындай отырып, совет әйелдері мемлекеттік аппараттың барлық буындарының жұмысына белсене қатысуда. 348 әйел СССР Жоғарғы Советінің депутаты, 2 мыңнан аса әйел — одақтас және автономиялы республикалардың Жоғарғы Советтерінің депутаты және жарты миллионнан аса әйел — жергілікті Советтердің депутаты болып табылады. 2335 әйел халық судьясы және 234 мыңға жуық әйел халық заседатели болып сайланды.

Әйелдердің халық ағарту және денсаулық сақтау ісіндегі ролі зор. Миллионнан аса совет әйелдері жеткіншек ұрпақты оқытудың игілікті ісіне, совет балаларын еңбекке коммунистік көзбен қарау, советтік Отанға деген жанаямас сүйіспеншілік және берілгендік, коммунизмнің ұлы идеяларына айнаымастық рухында тәрбиелеуге өз күштері мен дарынды білімдерін жұмсауда. СССР-ның 2 миллионнан аса әйелдері денсаулық сақтау ісінің және физкультураның әртүрлі мекемелерінде жұмыс істеп, совет адамдарының денсаулығын ұқыптылықпен қорғауда.

Совет өкметі ғылым мен мәдениеттің бай қазыналарын әйелдерге кеңінен ашып берді, әйелдердің таланттары мен қабілеттерін жан-жақты дамытуға жағдай тудырды. Ғылым, оқу және мәдени-ағарту мекемелерінде 3 миллионға жуық әйел еңбек етуде. 1 миллион 400 мыңнан аса әйел жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындарында оқуда. Совет әйелдері ғылым мен техникада жаңалықтар ашып, өнертабыстармен байытып, көркем әдебиет пен искусствоға үлкен үлес қосуда.

Совет әйелдерінің еңбектегі ерлігіне, олардың ғылым мен мәдениет саласындағы жұмысына, әйелдердің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік істеріне бүкіл совет халқы сүйсінеді. Отан алдында сіңірген еңбектері үшін 2373 әйелге Совет Одағының Батыры және Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Миллионнан аса әйелдер СССР ордендерімен және медальдарымен наградалды, ғылым мен техника,

Білім алу және маамдық үйрену әйелдерге еркектерден анағұрлым қайығына түсіп отыр. Әсіресе отар және тәуелді елдердегі әйелдердің жағдайы өте ауыр және қайғылы.

Капиталистік елдердегі әйелдердің экономикалық және саяси өзіндікке қарсы көкті ызасы мен наразылықтары жылдан-жылға күшейе түсуде. Бүкіл прогресшіл адамзатпен бірге әйелдер демократиялық бостандықтарды жеңіп алу, сақтау және ұлғайту жолындағы, еңбекшілердің демократиялық праволарына империалистік реакцияның шабуыл жасауына қарсы күреске барған сайын белсене қатысуда. Еңбек ету, тынығу, білім алу правосы үшін, аналар мен балаларды қорғау үшін, еңбекті және әлеуметтік қамсыздандыруды қорғау үшін күресіп жатқан демократияның ұйымдарға әйелдердің барған сайын қалың топтары қосылуда. Әлеуметтік және ұлттық өзіндіктің барлық формаларына қарсы, бүкіл адамзаттың бостандығы мен бақыты жолындағы белсенді күрескерлердің қатарына әйелдердің барған сайын көп бөлегі қосылуда.

Барлық елдердің бүкіл алдыңғы қатардағы адамдарымен бірге әйелдер бейбітшілікті белсене қорғап, империалистер бастаған жанталаса қарулануға және дүниежүзілік жаппай соғыс әзірлеуге белсене қарсы шығуда. Атом және сутегі қаруына тыйым салу жолындағы, халықаралық шиеленісті бәсеңдету және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау жолындағы әйелдер күресі кең өрістеуде. Бұл күресте 66 елдің 140 миллион әйелін біріктіріп отырған Әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясы үлкен роль атқаруда.

Әйелдердің халықаралық демократиялық қозғалысында совет әйелдері авангардтық роль атқаруда. Олар бейбітшілік жолындағы, империалистер әзірлеп жатқан атом соғысына қарсы, халықаралық даулы мәселелерді бейбітшілікпен шешу жолындағы күрескерлердің алдыңғы қатарына келеді. СССР әйелдері барлық елдердің әйелдерімен, бейбітшілік мүдделерін демократиялық праволарды, балалардың бақытын ардақты санайтындардың бәрімен достық байланыстарын нығайтып келеді. Дүние жүзінің барлық прогресшіл әйелдері совет әйелдерін бейбітшілік, демократия және прогресс жолындағы белсенді күресте өздерінің сенімді одақтастары және достары деп біліп отыр.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті совет әйелдерін Халықаралық әйелдер күні 8 мартпен қызу құттықтайды және олардың социалистік Отанымыздың игілігі үшін істеп жатқан жемісті еңбегінде бұдан былай да табыстарға жете беруін тілейді.

СОКП Орталық Комитеті барлық совет әйелдерін Совет мемлекетінің қуатын және оның мызғымас негізі — жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар одағын оған әрі нығайта беру үшін, СССР халықтарының туыскандық достығын оған әрі нығайту үшін күресуге шақырады.

СОКП Орталық Комитеті өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, транспортта және құрылыста жұмыс істейтін әйелдерді еңбек өнімділігін арттыруға, өндіріс озаттары мен жаңашылдарының тәжірибесін үйренуге, өндірістік резервтер мен мүмкіндіктерді ашып, толық пайдалану жолында, бесінші бесжылдықты аяқтайтын жылдың — 1955 жылдың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолында күресуге шақырады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі бұдан былай да ауыр өнеркәсіптің бірінші кезекте өркендетілуін қамтамасыз етуді өздерінің басты міндеті деп санап отыр. Тек ауыр индустрия ғана Совет мемлекетінің қуатын, еліміздің қорғаныс қабілетін ұдайы нығайта беруді халық шаруашылығының барлық салаларын оған әрі өркендетіп, совет халқының әл-ауқатын арттыра беруді қамтамасыз ете алады. Ауыр өнеркәсіптің қуатты базасына, оның шапшаң қарқынмен өркендетілуіне сүйене отырып, Коммунистік партия халық тұтынатын бұйымдар: киімдер, аяқкиімдер, халықтың үй ішінде және мәдени тұрмысында тұтынатын бұйымдарын өндіруді оған әрі арттыра беруге күш салады.

СОКП Орталық Комитеті өнеркәсіпте жұмыс істейтін әйелдерді — жұмысшы әйелдерді, мастерлерді, техниктерді, инженерлерді өндірісті ұлғайту үшін, өнімнің сапасын жақсарту және өзіндік құнын кеміту үшін, ең жаңа техниканы және еңбектің прогрестік әдістерін қолдану үшін күресуге шақырады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі халықтың тамақ өнімдеріне, ал өнеркәсіптің шикізатқа үнемі өсіп отырған тілектерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуді көздеп, социалистік ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жөнінде шаралар белгіледі. Партия мен үкмет таяудағы 5—6 жылдың ішінде астықтың жыл сайынғы түсімін кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізу, мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі және екі еседен аса арттыру, картоп пен овощ өндіруді арттыру міндетін алға қойды.

САЙЛАУ КҮНІНЕ ЛАЙЫҚТЫ ТАРТУЛАР

МТС коллективінің зор табысы

Біздің Тимирязев атындағы МТС-тің механизаторлары, жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері көктемгі дала жұмыстарына әзірлікте бір ірі кадам жасады. Олар трактор жөндеудің жылдық жоспарын облыс МТС-тері ішінде бірінші болып, 1 мартқа дейін толық аяқтады.

МТС коллективі мұндай табысқа жөндеу жұмысына мұқият әзірлікпен келудің, бұл жұмыстары алғашқы күннен бастап ұқыптылықпен, ұйымшылдықпен жүргізудің нәтижесінде не болды.

Бұрын біздің жөндеу мастерскойымыздың жұмыс орындары өте суық болатын. Өткен күзде біз ең алдымен осы кемшілікті жоюдың шараларын ойлағандай жүргіздік. Мастерскойдың барлық жұмыс орындарын бұмен жылытатын еттік. Цехтарды, тораптық орындарды ретке келтірдік. Жөндеу аспаптары, станоктар, тағы басқа жабдықтар толықтырылды.

Механизаторлар тораптарға өздерінің іскерлік қабілеттілігіне қарай іріктеліп орналастырылды. Көп жылдан бері бізде бір цехта немесе бір торапта 5—6 адам, тіпті кем дегеннен өзінде 4 адам жұмыс істеп келді. Олардың жұмыс істеуіне орын өте тар болатын, аспаптар жегіспейтін. Сондықтан бірі жұмыс істеп жатса, екіншісі босқа қарап тұратын. Мұның өзі біріншіден, жөндеуші-механизаторлардың еңбек өнімділігінің төмен болуына, екіншіден, олардың еңбекақыны тым аз алуына әкеліп соғып жүрді. Мұндай кемшіліктен арылу үшін үстіміздегі күзгі-қысқы жөндеу жұмыстарының алғашқы күнінен бастап, біз цехтар мен тораптардағы механизаторлардың санын көміттік. Мәселен, мотор жөндейтін торапта бұрын 6 адам жұмыс істейтін, ал 1954 жылдың октябрінен бері мұнда небары 2 адам — Сентюжанов пен Никонов жолдастар ғана жұмыс істеп келді. Соның өзінде ол екеуінің айлық өнімділігі бұрынғы, 6 адамның айлық еңбек өнімділігінен жоғары болып отырды, тапқан еңбекақысы да анағұрлым артты. 6 адам жұмыс істеген кезде бұл торапта ең көп еңбекақы тапты деген механизатор айына 80—90 сом ғана алатын. Ал, Сентюжанов, Никонов жолдастардың айлық еңбекақысы бұдан 4—5 есе артып отыр. Атап айтқанда, Сентюжанов жолдас 1954 жылдың декабрінде — 341 сом, 1955 жылдың январында — 589 сом, февралінде — 600 сом, Никонов жолдас 1954 жылдың декабрінде — 310 сом, 1955 жылдың январында — 533 сом, февралінде — 589 сом еңбекақы тапты. Еңбекақының мұншама артуы оларды өнімді еңбекке ынталандыра түсті. Аталған механизаторлар, сол сияқты басқа жөндеушілер де бескүндік, айлық тапсырмаларды үнемі асыра орындап отырды.

Мастерскойда бұрын тек трактор жөндеуде ғана 40—50 механизаторлар жұ-

мысымында барлық 14 торапта 27 адам жұмыс істеп келді. Ал, олардың күндік, бескүндік, және айлық еңбек өнімділігі бұрынғы 40—50 адамның еңбек өнімділігінен артық болды. Міне, бізде трактор жөндеуді мерзімінен бұрын аяқтауымызды қамтамасыз еткен бірінші жағдай осы.

Жөндеуші — механизаторлардың өзіне тапсырылған жұмыстарды сапалы және тыныақты атқаруына жауапкершілігі арттырылды. Істегі брәк мәдемі азайтылды. Жөндеу материалдарын, қосалқы бөлшектерді үнемдеп жұмсау едәуір жақсартылды. Жөндеушілердің еңбекке түгел қатысуы және жұмыс уақытының бір минуты да босқа өткізбеуі қамтамасыз етілді. Жұмыста несіздікке жол берілмей, бір істің сапасы дереу тексеріліп отырады. Міне, біздің тракторларды жөндеуде жақсы нәтижеге не болуымызды қамтамасыз еткен екінші жағдай осы болды.

Біздің табысқа жетуімізді қамтамасыз еткен үшінші жағдай — жөндеуші-механизаторлардың социалистік жарысының дұрыс ұйымдастырылуы. МТС партия ұйымы әрбір тораптың мүмкіншіліктерін толық есепке ала отырып, міндеттеме алуларын ұйымдастырды. Жөндеу жұмысының барысында алынған міндеттемелердің үнемі толық орындалуына күн-күн басшылық етті. Бес күн сайын жөндеу жұмысының барысын қорытындылап отыруды әдетке айналдырды. Өндірістік кеңестерде, үгітшілер әңгімесінде озат жөндеушілердің іс тәжірибелері кеңінен насихатталды. Жұмыста орын алған кемшіліктер батыл сынға алынып, оларды жоюдың шаралары шұғыл жүзеге асырылып отырылды.

МТС коллективі жалғыз тракторды жөндеуден ғана емес, ауылшаруашылық машиналарды жөндеуде де жоғары көрсеткіштерге не болып отыр. Көзірдің өзінде жөндеуге тиіс барлық плугтардың 75 проценті, сепалардың 70 проценті, лущильниктердің 70 проценті, культиваторлардың 85 проценті сапалы жөндеуден өтті. Комбайндарды, шөп шабатын машиналарды жөндеу жұмыстары қызу жүргізіліп келеді. Тракторларды жөндеу жұмысының мерзімінен бұрын аяқтауды әсіресе комбайн паркін жұмысқа әзірлеуді тездетуімізге мүмкіншілік беріп отыр. Бұл күндері бұрынғы трактор жөндеуде жүрген механизаторлар комбайншыларға көмектесуде.

Біздің МТС коллективі көктемгі дала жұмысына әзірлікті бұрынғыдан да қызу қарқынмен жүргізе отырып, көктемгі барлық жағынан сақалай сай әзірлікпен күресі алады. Оған олардың кәзіргі қажырлы еңбегі кепіл.

К. ХЛАБЫСТОВ,

Тимирязев атындағы МТС-тің директоры.

өндірістік жұмыс әдістерін түбірімен жетілдіргені үшін 746 әйел Сталиндік сыйлық алды.

Совет мемлекеті әйелдерге үнемі қамқорлық жасап, көңіл бөліп келеді. Мемлекет әйелдердің еңбегін қорғауды қамтамасыз етіп, ана мен баладың мүдделерін қорғауда. Әйелдердің еркектермен бірдей еңбек ету, тынығу, білім алу правосына кепілдік беріліп отыр. Әйелдер тең еңбегіне еркектермен бірдей ақы алып, әлеуметтік қамсыздандырумен бірдей пайдалануда.

Совет елінде анаға зор көңіл бөлінуде. Әйелдерге екіқабат болғанда мемлекет есебінен жалақысы сақталып, демалыс беріледі. Көп балалы және жеке басты аналарға материалдық көмек көрсетіледі. 1954 жылдың өзінде ғана көп балалы, жеке басты аналарға және жаңа туған балаларға 7 миллиард сомнан аса жәрдем төленді. Көп балалы аналарға бүкілхалықтық құрмет көрсетілуде. 44 мыңнан аса әйелге «Ардақты ана» құрметті атағы берілді, 4,5 миллионнан аса әйел «Ана даңқы» ордендерімен және «Ана медалімен» наградталды. Біздің елімізде әйелдер басапатын үйлердің, әйелдер мен балалар консультацияларының, балалар яслилері мен бақшаларының кең жүйесі құрылды.

Совет әйелдерінің тұрмысы және олардың Отанның игілігіне қаһармандықпен еңбек етіп отырғаны барлық елдердің әйелдері үшін дем беруші өнеге болып табылады, тек социализм ғана әйелдердің толық азаттығын қамтамасыз ететіндігінің, олардың қабілеттері мен талантының көрсетуіне жағдай тудырып отырғандығының айқын айғағы болып табылады. Қытай Халық Республикасының, Польша Халық Республикасының, Чехословак Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Венгер Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Болгар Халық Республикасының, Албан Халық Республикасының, Корея Халық-Демократиялық Республикасының, Монгол Халық Республикасының және Вьетнам Демократиялық Республикасының империалистік бұғаудан азат етілген әйелдері Совет Одағы әйелдерінің өнегесімен жаңа тұрмыс орнатуға белсене қатысады.

8 март күнін халықтық демократиялық елдердің әйелдері демократиялық және социалистік өзгерістер жасауда, халықтың әл-ауқатын арттыруда және ғылым мен мәдениетті өркендетуде жеткен жаңа табыстармен қарсы алады.

Халықаралық әйелдер күні 8 мартты капиталистік елдердің еңбекші әйелдері аяушылықпен оған әрі күшейген, жұмыссыздық артқан, тұрмыс дәрежесі төмендеген жағдайда қарсы алуға. Империалистер жүргізіп отырған жантайса қарулану және олардың дүниежүзілік жаңа соғысқа әзірленуі еңбекшілердің жалақысын азайту, салықтарды көбейту, бұқара тұтынатын өнімдер мен товарлардың бағаларын арттыру есебінен, отар және тәуелді елдердің халықтарын тонау есебінен жүзеге асырылуда.

Капиталистік дүниедегі әйелдердің ауыр жағдайын қоғамдық тұрмыстың барлық салаларында олардың праволарына шек қоюшылық қиындата түсуде. Көптеген капитал елдерінде әйелдердің мемлекеттік өкмет органдарына сайлау және сайлану праволары жоқ. Әйелдер тең еңбегіне ақыны еркектерден аз алады.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті

Қазақстан ғалымдарының тың жерлер игеруге көмегі

Алматыда ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы егіншілік институтының Ғылыми советінің сессиясы болды, ол өткен жылғы ғылыми зерттеулердің қорытындылары және үстіміздегі жылғы міндеттер туралы институттың директоры Бараев жолдас-тың баяндамасын талқылады. Сессияға қатысушылар тәжірибе станцияларының, егіс далаларының және тіреу пункттерінің 18 ғылыми есептерін, сондай-ақ тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда жұмыс істеген комплекстік 5 экспедицияның есептерін тыңдады.

Ғалымдар колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың тың жерлерді іріктеп алуына, тың жерді жыртқып, оңда бидай, тары және басқа дәнді дақылдар өсірудің агротехникасын белгілеуіне, тыңда жыртылған парлы ықтырма егістерін өсіруіне

ғылыми және практикалық көмек көрсетті. Сессия 1955 жылға арналған ғылыми зерттеулердің тақырыптық жоспарларын бекітті. Марттың орта шенінде тың игерілетін аудандарға ірі-ірі комплекстік бес экспедиция жіберіледі. Олар тың және тыңайған жерлерде өсірілуге тиісті екінші, үшінші және төртінші дақылдарға арнап топшарқ өңдеудің системасын жасайды.

Тың жерде күнбағыс пен горчицадан екі арусты аралас ықтырма, сондай-ақ үнемі пайдаланылатын бұталы ықтырмалар жасау жөнінде назар аударарлық зерттеулер жүргізу белгіленді.

Республикамыздың табиғат жағдайы әртүрлі өңірлерінде сұрлеуге және астық алуға арнап жүгері өсіру жөнінде кең ғылыми-өндірістік тәжірибелер жасалуға.

МТС-тер мен совхоздардың жұмысшы әйелдерін барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру жолындағы, тың және тыңайған жерлерді оған әрі игеру жолындағы, жүгері егісінің, картоп пен овоцты отырғызудың көлемін ұлғайту жолындағы, егін жыйнау кезінде астықтың ысырабын азайту жолындағы күресті күшейтуге; мал санын көбейту және оның өнімділігін арттыру жоспарларын толық және асыра орындауға қажырлықпен күш салуға, берік жемшөп базасын жасау үшін, мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін барлық жұмыстарды механикаландыру үшін күресуге шақырады.

СОКП Орталық Комитеті ғылым мен мәдениет қайраткерлері — әйелдерді советтік озат ғылымды дамыта беруге, оның техникалық прогресті жүзеге асырудағы ролін бұрынғыдан да жоғары көтеруге, социалистік мәдениетті, әдебиет пен өнермен, халық ағарту және денсаулық сақтау ісін жанадан өрге баастыруға өз күштерін жұмсап отыруға; қызметші әйелдерді — мемлекеттік аппараттың жұмысын барынша жақсартып, оны арзандата беруге, совет мекемелерінде бюрократизмнің қандай көріністерін болса да жойып отыруға өз күштерін жұмсауға шақырады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі алға қойған халық шаруашылығын оған әрі өркендету міндеттері өндіріске — фабрикаларға, заводтарға, колхоздарға, МТС және совхоздарға жаңа еңбек резервтерін қатыстыруды талап етеді. СОКП Орталық Комитеті өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, транспорттағы, құрылыстағы қоғамдық-өндірістік еңбекке әйелдерді бұрынғыдан да кең қатыстыруды партия, совет, кәсіподақ, шаруашылық және комсомол ұйымдарының маңызды міндеті деп санайды. Халық шаруашылығы салаларында жұмыс істейтін әйелдердің мамандығын, өндірістік-техникалық дәрежесін арттыруға күнбе-күн қамқорлық жасап отыру қажет; әйелдерді басшы ұйымдастыру жұмысына батыл жоғарылатып отыру қажет.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті барлық совет әйелдері бұдан былай да социалистік Отанымыздың игілігіне адал еңбек етіп, оның байлығын, қуаты мен даңқын еселеп арттыра береді; жас өспірім ұрпақты еңбекке, білімге деген сүйіспеншілік, социалистік қоғам тұрмысының ерекшелігін құрметтеу, совет халқына және оның Отанына берілгендік рухында тәрбиелеу үшін елдерінің барлық күші мен зейінін жұмсайды деп берік сенеді.

Совет әйелдері бұдан былай да Совет мемлекетінің бейбітшіл сыртқы саясатын қолдап отырады, барлық елдердегі әйелдердің бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы, атом және сутегі қаруына тыйым салу жолындағы, дүниежүзілік жаңа саясатты болдырмау жолындағы күресінің авангардында болады, бұл күресте барлық елдердің еңбекші әйелдерімен интернационалдық байланыстарын нығайта береді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Халықаралық әйелдер күні 8 мартта барлық совет әйелдерін құттықтап, оларды коммунистік құрылыста және халықаралық хауіпсіздік жолындағы күресте белсенділігін оған әрі арттыра беруге шақырады.

Жастарға арналған лекторий

Іле ауданының Ново-Алексеевка селосының клубында жастар лекторийі ашылды. Агроном Сурат жолдас жастардың алдында «Тың және тыңайған жерлерді игеру — бүкілхалықтық іс» деген тақырыпта алғашқы лекция оқыды. Лектор 1955—1956 жылдарда Алматы облысының өзінде ғана 250 мың гектар жаңа жерлер көтерілетінін хабарлады.

Жастар лекторийлері Ұйғыр ауданының Подгорное, Үлкен Ақсу және Чарын, Беген ауданының Саты және Жаланап, Нарынқол ауданының Текес және Саржас селоларында да ашылды. Көзір облыста жастардың 34 лекторийі жұмыс істейді.

(ҚазТАГ).

(ҚазТАГ).

мыс істейтін болса, үстіміздегі жөндеу | МТС партия ұйымының секретары.

Ауыспалы Қызыл Ту алды

Совет ауданындағы Сталин атындағы колхоздың мал өсірушілері Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлауы күнін мал қыстатуда елеулі табыстармен қарсы алуға міндеттенген болатын. Олар өз міндеттемелерін абыроймен орындау жолында жаянамай еңбек етті. Әрбір малшы өзіне тапсырылған жұмысты сапалы атқарды. Фермаларда жұмыс күні тәртібі қатаң сақталды. Малға азық белгіленген норма бойынша жұмсалды. Сабап малға тек алдың-ала әзірленіп, туралып, буландырылып берілді.

Товарлы-сүт фермасында сауыншы А. Земляная, А. Чижевская, А. Улод, Д. Комчатная жолдасар өздеріне бекітілген сыйырларды күтін азықтандыруда тамаша еңбек етті. Олар сыйырлардың таулігіне 3—4 рет азықтандырылуын, 2—3 рет суарылуын және жатар орнының жылы, жайлы болуын қадағалап отырды. Осының нәтижесінде сыйырлардың қондылығы төмендеген жоқ, ал сүттілігі өткен қыстағымен салыстырғанда әлдеқай да арттырылды. Атап айтқанда, 1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 мартына дейін Улод жолдас өзіне бекітіліп берілген 13 сыйырдың әрқайсысынан 487 литр, А. Земляная—404 литр, А. Чижевская 14 сыйырдың әрқайсысынан—390 литр сүт саууға жетісті. Мұн-

дай көрсеткішке Д. Комчатная жолдас та не болды.

Бұзау күтуші Ф. Гончаров жолдас 1954 жылы 75 бұзауды шығынсыз өсіріп малға қосқан болатын. Кәзір 50 бұзау күтеледі. Қыс айларында бұзау шығыны болған емес. Шошқа күтуші Е. Цайгер жолдас та Гончаровтан кейін қалған жоқ. Ол өткен жылы әрбір мезгілнен алынған 18 торайдың бірде-бірін шығынға ұшырамай, қонды өсіріп келеді.

Шопандардың да еңбегі айта қаларлықтай. Қойлардың қоны жоғары, шығыны жоқ. Январь айынан бері қойлар жаппай қоздай бастады. Аға шопан Г. Успенский жолдас соңғы екі ай ішінде қоздаған 100 саулықтан алынған 102 қозыны аман өсірді.

Жақында аудандық Совет атқомі колхоздарда мал қыстатуды үлгілі өткізу жөніндегі сайлау қарсаңындағы социалистік жарыстың қорытындысын шығарды. Қорытындыда Сталин атындағы колхозда қыс бойы бірде-бір мал басы шығын болмағаны және малдың қонды қыстатылуы келе жатқаны анықталды. Колхозшылардың бұл игілікті табыстары үшін атадан колхозға аудандық Совет атқомінің Ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды.

С. ТЕМІРБАЕВ.

Отан туралы оймен

10-классты бітіретін алдында № 5 қазақ орта мектебінің біртөп оқушылары жыйналып, кәметтік аттестат алғаннан кейін қайда бару, қай мамандықты таңдау жөнінде әңгімедестік. Әңгіме тәрбиелен өсірген, орта білім берген сүйікті Отанымызға қай жерде көбірек пайда келтірміз, міне осы туралы болды. Ш. Ержанов, А. Мәмбетов, Қ. Боскин сыяқты оқушылар ауылшаруашылық институттарына оқуға түспек ниеттерін білдірісті. Олар кәзір Алматының, Омскінің институттарында оқып та жүр. Бірсыпыра оқушылар колхоз даласында еңбек етуге ұйғарысты. Ал мен қала заводтарының біріне жұмысқа орналаспақ болдым.

Кәметтік аттестатты алысымен-ақ қаладағы металл өңдеу заводына үйренуші тоқар болып жұмысқа кірдім. Заводта жұмыс істей бастаған алғашқы күннен бастап-ақ, таңдан алған мамандығымға сүйіспеншілігім арта түсті және оны тез меңгере бастадым. Отан еңалдымен орта білімімнің болуы көп көмек болды. Өйткені біз орта мектепте оқып жүргеннің өзінде физика, химия пәндері арқылы завод өмірі туралы көп мағлұмат алып, қала заводтарында

әскерияларда болған кезде жұмыс процестерімен де елауір танысқан болатынбыз. Мен сыяқты жаңа үйреніп жүргендерің мамандықты менгеріп кетуіне заводтың тәжірибелі жұмысшылары да көп көмек көрсетіп, зор қамқорлық жасады. Соның нәтижесінде мен 3 айдан кейін-ақ өз бстіммен жұмыс істей бастадым.

Кәзір, партиямыз бен үмізіміз ауыр өнеркәсіпті өркендету туралы міндет қойып отырған кезде, біздің коллективі бұрынғыдан да күшті қарқынмен еңбек етуде! Олар Советтер, сайлауы қарсаңындағы социалистік жарысқа ұш-таса отырып, бұл мерекелі күнге лайықты тартулар әкелді. Бұл тартуда менің де қосқан үлесім бар.

Жұмыс орнына келсем де, бүгін сайлау участогіне барғанымда да мені барлық совет адамдарына ортақ бір ғана ой — «барлық күш-жігерім Отан үшін, партия үшін» деген ой билейді. Бұл ой мені бұдан былай да қажырлықпен еңбек ете беруге бастайды.

Әбу ӘБІЛМӘЖІНОВ,

Металл өңдеу заводының тоқарі, жас сайлаушы.

Советтердің сайлауы — партияның, үкмет пен халықтың ұлы бірлігінің салтанаты

★ Б А С Т А У Ш Ы М Ы З — П А Р Т И Я ! ★

Мерекеңіз құтты болсын!

Бұл сөзді бүгін қала мен ауыл-деревня көшелерінде бірімен бірі кездескен әрбір адамның аузынан естуге болады. Жүздерінен бақыт пен қуаныштың нышаны айқын сезілген олар зор мақтаныш сезіммен біріні бірі шың жүректен құттықтайды.

Шындығында, сайлау күнін бүкілхалықтық үлкен қуанышпен мерекелеу, оны зор саяси өрлеу үстінде, тамаша өндірістік табыстармен қарсы алу совет адамдарының игі дәстүріне айнады. Бұл заңды да. Өйткені бұл күні әрбір совет азаматы Советтік Конституцияда алтын бірінші жазылған өзінің правосын пайдаланып, өзі ұсынған, өзі қалаған қалаулы кандидатқа дауыс береді. Ол совет азаматы халықтың мұн-мұқтажын, мүддесі мен тілегін қорғайтын, ең ел еңбекшілерін жеңістер мен табыстарға бастайтын өзінің өкметін — Советін сайлайды.

Совет өкметі — халықтың мүддесін қорғаушы! Бұл сөздің аса терең мағысын біздің елде түсінбейтін бірде-бір адам жоқ. Ұлы Октябрь революциясының қанды майданында, қажырлы айкастарға жеңіспен орнатылған бұл өкмет 38 жылдан бері біздің еліміздің тарих көрмеген тамаша табыстарға жеткізіп, даудың жаңа жолымен алға бастады. Мешәулік пен қараңғылықтың қордағынан ғылым мен мәдениеттің ордағына айдалды. Өң жытпағ артта қалушылықтан газарлап алға шығарды. Біздің Россия совет өкметінің басшылығымен дүние жүзіндегі бірден бір іргесі нық, дәулеті мен қуаты сарқылмағ, қамалы мызғымас елге айналды.

Өз білігін өз қолына алған халықтың экономикалық тұрмысы мен рухани өмірі де күннен күнге өркендеп, жаңарып түсті. Бақыт пен байлықтың Отаны — Советтік Социалистік Республикалар Одағы тарихта бірінші рет өз білігін өз қолына алған халқы бар ел атанды. Ал халық үшін, халық сайлаған өкмет, ол басқарған мемлекет еш уақытта жеңілмеген емес. Сондықтан совет халқының 38 жылдан бері өзіне тиген өмір үлесі тек жеңіс пен табыс болып келеді.

Совет халқы өзінің Отанын, бақытты өзінің, сәулетті болашағын мақтан етеді. Бұл мақтаныш сезімге олар Совет Үкметінің басшылығымен жетті. Сондықтан да совет халқы өздерінің кеменгер көсемі, дана басшысы Ұлы Коммунистік партияны адамзаттың ежелгі арманы — коммунизмге халықтарды тура бастан келе жатқан бірден-бір жолбасшы, шамшырақ деп түсінеді. Өз тақтарларын ұлы партияның

бүкіл дүние жүзінің тағдырына ұлы өзгешеңдіктер енгізді.

Қазақ халқы өз бақытын Коммунистік партияның басшылығымен, ұлы өрме халқының және басқа туысқан халықтардың көмегімен жеңіп алғанын мақтаныш етеді. Өзінің тарихта тұңғыш рет коммунистік қоғам құрушылардың алдыңғы сапында келе жатқанына мақтанады. Ұлы Ленин құрған ұлы партияның ұлы идеяларын өз жүресінің туы еткеніне қуанады. Ең ақырында, қалтқысыз дөңісетті ұлы өрме халқына иек арттып, оған көмек алғанына мақтанады.

Өзінің ұлы партиясына деген сенім совет адамдарын азамат соғысы мен шетел интервенциясының сұранып жылдарында көз көрмеген ерлік пен қулық естімеген жанқиярлыққа жігерлендірді. Бұл сенім бірінші дүниежүзілік соғыс пен азамат соғысы жылдары қыйрап, күйзелген халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарының аса бір ауыр көздерінде совет халқы қанаттандырды, олардың жасампаз еңбекке деген жігерін еселеп арттырып, творчестволық күш-жігерін тасытты. Өз жерінің шың маңасындағы қожасы болған біздің халық партия басқарған Совет өкметі жылдарында тамаша табыстарға жетіп, экономикалық күш-қуаты аса зор, рухани дүниесі тамаша бай ұлы елге айналды. Ауыр индустрияны елді өркендетудің негізі етіп, ауыл шаруашылығын жаңа даму жолымен алып адыммен алға бастаған ұлы партия бұл көзде де совет халқының қоғамдық, саяси және мәдени жағынан тарих таңқаларлық жаңа белеске көтерді.

Ұлы Отан соғысының сұранып жылдарында совет халқы өзінің сыналған көсемі Коммунистік партияның басшылығымен гитлерлік Германияны табанға басып, талқандады. Ол тек совет еліне емес, бүкіл адамзатты фашизмнің құлдығынан құтқарды, азапты апаттан дүниені сақтай қалды.

Партия шыңдаған, партия тәрбиелеген совет адамдары соғыстан кейінгі жылдарда творчестволық еңбектің тамаша үлгісін тағы да көрсетті. Экономикалық күш-қуаты еселеп артқан Совет Одағы дүние жүзіндегі бейбітшілік сүйгіш күштерінің үйітқысы, баянды бейбітшілік пен халықтық демократия және социализм жолындағы елдердің ту ұстаушысы болып отыр. Ұлы Коммунистік партия бастаған біздің ел — қазіргі уақытта дүние жүзі халықтарының үміті, олардың болашағы.

Көп ұлтты біртұтас социалистік

социалистік Республикаға айналуы да осы достықтың жемісі болып табылады.

Қаулы соғысқа құныға жерігін отырған азғындардың тіміскітену әрекеттері Ұлы Совет Одағы бастаған бейбітшілік сүйгіш күштердің тарапынан естен тана сөккі алуға, Баянды бейбітшіліктің ту ұстаушысы — Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясы сондықтан да бүкіл алдыңғы қатарлы адамзат біздің заманымыздың ақыл-ойы, данқы мен ұжданы деп орынды атайды.

Халықтың мүддесі мен қамын ойлау — Коммунистік партияның барлық ішкі және сыртқы саясатындағы мазмұн. Баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы, болмаса еліміздің ауыл шаруашылығын өркендеген ауыр индустрия негізінде шұғыл дамыту жолындағы шаралардың бәрі тек осы мақсаттан туып отыр.

Ұлы Коммунистік партияның халық мүддесін бәрінен жоғары бағалайтындығының айқын бір белгісі, СОКЖ Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март, июнь және январь Пленумдарының қаулысы болып табылады.

Ауыр индустрияны барынша дамыту негізінде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету шаралары тек бір мақсатқа — еліміздің экономикалық күш-қуатын арттыруға және еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтеруге бағытталған. Бұл шараларды жүзеге асыру қазіргі өзінде игі нәтижелер беріп отыр.

Астық — ел ырысы дейді халық. Халық мүддесін өз қызыметінің өзегі еткен ұлы партия елімізде ауылшаруашылық өндірісінің негізі — астық шаруашылығын өркендету мәселесін қызу қолға алды. Астық өндіруді арттыру дегеніміз жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету, мал шаруашылығын оған әрі арттырудың шешуші шарыны орындау деген сөз. Коммунистік партияның бұл белгілеген шараларын жүзеге асыруға совет адамдары түгел аттанды. Ал біздің облысымыз партияның нұсқауы бойынша өткен жылы 397500 гектар пайдаланымай жатқан тың және тыңайған жерлер игерді. Бұл 1953 жылмен салыстырғанда 305950 гектар артық.

Коммунистік партияның халық игілігі үшін еңбек ететіндігін біздің облыстың өмірінен де айқын көруге болады. Бір кезде 20-ға жетпейтін бастауыш және орта оқу орны болған Солтүстік Қазақстан облысында бұл күндері 600-ге жуық мектептер, ондаған техникумдар мен училищелер, оқытушылар институты жұмыс

★ Д А У Ы С ★

Мен даусымды беремін:
Елім үшін!
Біздің дауыс нығайтар елдің күшін!
Топтасқан, жаңғырыққан, күшті
ұранды,
Екпінді дауыс сондай дабылдысын,
Мен даусымды беремін:
Ұлым үшін!
Елі үшін жұмсаған ұлым күшін,
Балқытып, жүрегіме нұрын күйған
Тынысым,
Жарқыраған күнім үшін!
Мен даусымды беремін:
Қызым үшін!
Қызмет етер қызымның қызығы
үшін,
Бізді алып қушағына мәпелеген,
Қайнаған дәулетті өмір қызуы
үшін...
Тағы дауыс беремін:
Елім үшін!
Нығайтады бұл дауыс — елдің күшін,
Жаңғырыққан күшті ұранды, туы
айбынды,
Дауыс — сондай екпінді
дабылдысын!
Елім сенің тілеймін табысыңды,
Табыс үшін жүзде алған
жарысыңды
Отан үшін, —
Партия, —
Халқым үшін, —
Мен беремін:
Шырақта дауысымды!

Жақан СЫЗДЫҚОВ.

П А Р Т И Я Ү Ш І Н

Құлатып ауылдардың дар атанып,
Орнатқан әділеттік мұнарасын,
Елімің қасиетті ұлы заңы
Энерген азаматтық правосын,
Жолбасшы Компартия — көсеміміз,
Сап құрып, сағат санап өсеміз біз,
Ертеңгі іс бүгінгіден екі есе артық —
Тең келме бұтінгіге кешегіміз,
Компартия соңынан ереміз біз,
Ол бастайды бақытқа — сенеміз біз,
Партия тәрбиелеп түлек еткен
Сап мыңдан саналады өреніміз,
Партия, сенің ұлы туыңды ұстап,
Урпаға бейік басып келеміз біз,
Өсерген сен мәңгілен ұл мен қызға,
Қуана даусымызды береміз біз.

Әли КЕНЖЕТАЕВ.

Қ У А Н Ы Ш Қ Ұ Ш А Ғ И Н Д А

Біздің елімізде еңбек етуге, дем алуға, оқуға барлық жағдай жасалған. Өзінің туысқан партиясының қамқорлығы арқасын қолқозып, еңбекшілеріміз



Жаңадан ұйымдастырылған Тимпирзев атындағы астық совхозы комсомол ұйымының секретары Н. Лапшина еліміздің әр қалаларының жасөспірімдері мен қыздарынан 200-ден астам хат алды. Бұл хаттарда жастар өздерінің тың жерлерге жұмыс істеуге баратындықтары жөнінде жазады және осы мәселеге байланысты көптеген сұрақтар қояды.
СУРЕТТЕ: Нина Лапшина (сол жақта) көршілес Хрущев атындағы астық совхозы комсомол ұйымының секретары Лидия Саблиннаға жастардың хаттары туралы әңгіме айтып отыр.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

Совхоз коллективінің партубы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтерінің сайлау күніне өндірістік тартулармен келу сезімі біздің совхоздың жөндеуші-механизаторларының қызу еңбек өрлеуін туғызды. Олар өздеріне көтерілкі міндеттер алып, оны толық және асыра орындау жолында жан-аямай еңбек етуде. Жөндеу жұмысына қазіргі ең прогрессивтік әдіс қолданылуда.

Механизаторлар жұмысты бастауды және аяқтауды мастеркойда жасалған жұмыс күні тәртібі бойынша жүргізіп келеді. Таңертең олар мастеркойға келісімен іске кіріседі. Бұл үшін біз әрбір тораптың, дехтың, тіпті көкелеген жөндеушілердің ертеңді істейтін жұмысын күнібұрын белгілеп, оны механизаторлардың өздеріне хабарландырып қоямыз. Мұның өзі жұмыс уақытының барынша тиімді пайдаланылуына жағдай жасайды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлау күніне елеулі табыстармен келді. Совхозда жөндеуге тиіс «С-80», НАТИ және доңғалықты тракторлар еол сыяқты плаугтер, культиваторлар, лущильниктер, тырмалар, сеялалар тағы басқа машина-саймандар толық жөнделіп болды. Жұмысқа өзін етілген тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарды қабылдайтын арнаулы комиссия олардың жөндеу сапасын жақсы деп тасты.
Жөндеу жұмысында, әсіресе тракторшы Изотов, Нахобов, ұста Бөчтовой жолдастар ерекше еңбек етті. Олар өздерінің күндіз тапсырмаларын үнемі 150—180 процент орындады. Істе ақау жіберіп көрген емес. Сондай-ақ жөндеу материалдары мен қосалқы бөлшектерді үнемі жөндеу жұмысына қажеттілікпен қамтамасыз етеді.

тияға сені тапсырған олар өмірі шат, болашағы жарқын заманы үшін оны шексіз құрметтейді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы — кәзіргі заманғы алдыңғы қатарлы адамзаттың бүкіл ұлылығы мен даналығын бар бойына жыйнақтаушы, халықтың творчестволық күш-жігері мен ойы, оның өмір орнықтырушы күші. Біздің ұлы партияның өткен күрес жолы адамзат үшін, оның бақытты өмірі мен жарқын болашағы үшін табынды күрес жүргізудің үлгісі. Ол өзі өмір сүрген жылдар ішінде талай дауылдар мен нөсерлерден өтті, талай қаңды айқастар мен қаһарлы күрестерді басынан кешірді, тарих көрмеген талай қиын-қыстаулардан жеңіліссіз шығып, қарсы жауларын жермен-жекеен етті. Бұл күрестер мен шайқастардың бәрінде ол жеңіске жетті, өйткені оны халық қолдады, өйткені ол тек халық бақытын ойлады. Сөйтін ол совет халқы коммунизм қоғамына бастады. — адамзат тарихының жаңа бетін ашты.

Ресейдің жұмысшы табы өзінің жауынгер көсемі Коммунистік партияның басшылығымен, революцияшы шаруалар табымен бірлесе отырып, дүние жүзінің өзінген халқына дамудың жаңа жолын көрсетті. Ол тек Ресейдің тағдырын бақыт арнасына бұрып қана қойған жоқ,

қазақтардың еңбегін есіне алды, өзін Отанымыздың күштілігі мен қуаттылығының қайнар көзі — халықтардың мызғымас достығы Коммунистік партия жасаған, тәрбиелеген және нығайтқан ұлы істердің бірі. Партия бұл мызғымас достықты, партия мен халықтың бірлігін, совет елінің қуатын шайқатпақ болған барлық жауларды тас-талқан етіп күйретті. Қажырлы еңбекте қолдаса табысқа жеткен совет халқы қанды соғыстың қаһарлы майданында өз Отанының тәуелсіздігі мен бостандығын тізе қосып қорғады. Ұлы еңбекте туып, майданда қанмен бөкіген бұл достық біздің барлық табыстарымыз бен жеңістеріміздің мызғымас кепілі болып отыр. Көп ұлтты совет елі халықтарының мүддесі үндес, мақсаты бір. Ұлы орыс халқының ағалық басшылығымен олар бір семьяның ұлы мен қызындай болып, қуанышты бірге бөлісіп, қиыншылықты бірге кешіреді. Қазақстанның пайдаланылмай жатқан ұлан-байтақ топы және тыңайған жерлерін игерісуге Совет Одағының барлық түпкірінен барлық ұлт патриоттарының келуі де бұл достықтың іс жүзіндегі айғағы. Бұрын шаруашылық және мәдени дамудың ең соңғы баспалдағында қалған Қазақстанның бұл күндері барынша өркендеген ауыр индустриясы мен алып адыммен алға басқан ауыл шаруашылығы бар, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті бар азат

естейді. — Өмір күнінен-күнге қызықты болып барады, ал болашақ бұдан да сәулелі! Бұл сөзді әрбір совет азаматы асқан үлкен сеніммен, зор мақтанышты сезіммен айтады.

Ұлы Совет елінің, Қытай Халық Республикасының, халықтық демократиялық елдердің халықтары өз Отанының экономикалық күш-қуатын арттыру, еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтеру жолында қажырлы еңбек етіп жатқанда АҚШ-тың империалистік топтары бастаған жаңа соғыс өртін тұтандырушылар тобы адам баласын жаңа қыргын соғысқа ұшырату үшін жанталаса қарулануда. Өйткені олар үшін халық мүддесі қажет емес, өз мүдделері қажет.

Бірақ ат төбеліндей азғындар тарих доңғалегін кейін қарай айналдыра алмақ емес. Адамзат өзінің ежелгі арманы — коммунизм құрылысына қарай алға басып келеді. Ал олардың ту ұстаушысы — Совет Одағы.

Совет халқы өзінің табысына орынды мақтанады, ісінді әділеттілігіне шексіз сенеді. Біздің мақсатымыз — коммунизм! Отан біз сөзсіз жетеміз. Өйткені біздің бастаушымыз — біздің заманымыздың ақыл-ойы, ұжданы — Ұлы Коммунистік партия!

Т. КӨКІМОВ.

інің білімдерін жетілдіріп, орта, жоғары дәрежелі білім алуда. Жастар өздерінің қадаған оқу орнына түсіп, ғылым негіздерін айтарлықтай меңгеруде.

Осындай жоғары оқу орнында оқып, жоғары дәрежелі арнаулы білім алған көптеген совет қыздарының бірі мен. 1947 жылы қаладағы № 1 Ленин атылудағы орта мектепті бітірдім. Мектепте оқып жүрген кезімнің өзінде-ақ дәрігер болуға, ауруларға дәрігерлік жәрдем көрсетуге сондай құмарғушы ем. Менің бұл тілегім орындалды. Орта мектепті бітіргеннен кейін Өмекінің медициналық институтының емдеу факультетіне оқуға түстім. Институтты 1953 жылы ойдағыдай бітіріп, дәрігер-терапевт мамандығын алдым. Дәрігер өз мамандығын сүйіп, ауруды ұқыптан қарап, оған дер кезінде дәрігерлік жәрдем көрсетіп отыруы қажет. Дәрігер болған жылдардың ішінде жүздеген адамдарға дәрігерлік көмек көрсеттім.

Советтердің сайлауы — 6 март күні халық қалаулыларына дауыс беру мен үшін үлкен мақтаныш, зор қуаныш. Халық қалаулыларына дауыс беру арқылы дәрігерлік мамандық алуыма, жұмыс істеуіме зор қамқорлық жасап отырған туысқан партияға дауыс беремін.

Ләйла АЛХАНОВА,
қалалық бірінкен аурухананың дәрігері.

Еңбек өнімділігін арттыруға, жөндеу материалдарының қосалқы бөлшектердің кезінде жеткізілуі, жұмыс орындарының жылы және жұмыс істеуге қолайлы болуы үлкен роль атқарады. Мұны біздің механизаторларымыз өз тәжірибелерінен айқын көріп келеді. Міне, сондықтан да үстіміздегі жылы біз бұған ерекше назар аудардық. Жөндеушілерді керекті жабдықтармен кезінде қамтамасыз етіп отыруға барлық мүмкіншілікті пайдаландық.

Совхоз партия ұйымы жұмысшылардың өзара социалистік жарысын үнемі өрістетіп отырды. Коллективтің алдында тұрған аса жауапты міндеттердің маңыз-мақсатын жұртшылыққа кеңінен түсіндіре білді.

Міне осындай шаралардың жүзеге асырылуы нәтижесінде совхоз коллективі

Міндеттеме артығымен орындалды

Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындары коллективтерінің бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолында көтерген бастамасын қаладағы «Молот» кәсіпшілік артелінің мүшелері зор өндірістік өрлеу үстінде қарсы алып, бастамаға сай өздеріне көтерілген міндеттемелер алды.

Үстіміздегі жылдың алғашқы күнінен бастап коллектив мүшелері халықтың көп керек ететін товарлары: кровать, есік тұткалары, топса және басқа да құрал-саймандарды мол шығарып, олардың сапасын арттыру, өзіндік құнын кеміту жолындағы күресті бұрынғысынан да кең көлемде өрістетті. Соның нәтижесінде жалпы өнім шығаруды январь айы жоспарының орындалуы 116,7 процентке жеткізді. Ал өнімнің ең күрделі, еңбекшілердің көп қажет ететін бұйымдарынан 184 мың сомның өнімін шығарудың орнына, артель коллективі 211400 сомның жоғары сапалы өнімін шығарып, қаланың сауда орындарына өткізді.

Февраль айында да коллектив мүшелері өндірісте пайдаланылмай келген резервтер мен мүмкіншіліктерді тауып іске қоса отырып, жоспарланған 167

сары Элецкий, токарь Голобородко жөндеушілердің еңбегі жөнінде де осыны айтқымыз керек.

Біз алдағы көктемде малазығындық дақылдар өгісінің көлемін едәуір ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Тек сурленетін дақылдар өгісінің көлемі ғана 365 гектар болады. Оның 174 гектары — жүгері. Жүгері өгісіне ең қунарлы топырақты және өткен күзде терең зябьке жыртылған участкакті арнадық. Кәзір жүгері тұқымын тасудамыз. Бұл күндері 30 центнерден астам тұқым тасылып, жақсы жабықталған қоймаларда сақталуда.

Біз сайлау күрметіндегі социалистік жарыстың нәтижелерін баянды ете отырып, көктемгі дала жұмыстарын барлық жарынан сақадай сай әзірлікпен қарсы аламыз.

Г. ВАПИЛОВ,
Қарағанды совхозының директоры.

мың сомның өнімін шығарудың орнына, 191600 сомның өнімін берді.

Коллектив мүшелерінің арасында өз істерін жете меңгерген, сменалық, айлалық тапсырмаларын асыра орындайтын тамаша өндіріс озаттарының саны да өсіп жетілуде. Мәселен, уста Полников жолдас кәзірдің өзінде бесжылдық жоспарды толығынан орындап, 1961 жылдың есебіне өнім бере бастады. Ол январь айында өндірістік тапсырманы 240 процент, ал февраль айында 255 процентке дейін артығымен орындады. Сол сияқты соңғы айда өздеріне міндеттелген жұмыстарды балғашы Пасовский 276 процент, слесарь Савран 236 процент, бұрғышы Драцилин 296 процент, токарь Амбражук 163 процентке орындап шықты.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі және еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлау күніне «Молот» кәсіпшілік артелінің барлық мүшелері жанаямай еңбек етіп, облыстық кәсіпшілік одағы Советінің Ауыспалы Қызыл Туына ие болды.

П. УГАРОВ,
Қаладағы «Молот» кәсіпшілік артелінің председатели.

Азамат сыры

Шыдам қайда? Сурама!

Ол жоғалды.

Алдык күтін асыға атар таңды,
Кетеміз тез-тез басып участкакке
Еркін жұттың ертеңгі таза ауаны.

... Участок. Салтанатты кірдім үйге,
Есікте тоқталмай-ақ озым төрге.
Советтік азаматтық паспортымды
Ұсынып, созым қолды бюллетеньге.

Бөленіп праваға ең құрметті,
Беріп дауыс, өтедім зор міндетті.
Сайладым өз атымнан ең Жоғары

Советтік парламентті —

Өкметті.

Сайладым өзім сүйіп, дауыс беріп,
Тапсырдым тағдырымды егең сеніп.
Ол қорғар ең мүддесің, ең бақытың,
Ал егең сайлаушыма сенім берік.

Тілек сол: өмір шатты бола берсін,
Сарқылмас елге байлық тола берсін!
Нығайып ұлы Отанның қуат-күші,
Бейбітшілік салтанат құра берсін!

Рахметолла УӘЛІЕВ.

Ет-консерв комбинаты коллективінің кандидаттары



СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутаттыққа кандидат О. Ершова, облыстық Советке депутаттыққа кандидат У. Бібраев және қалалық Советке депутаттыққа кандидаттар Т. Носова, Н. Козлова, И. Галыкин, Э. Түлкібаева, А. Бегунова, А. Максимов, Суретті түсірген, А. Розенштейн.

Капиталистік лагерьдегі елдерде „сайлау“ қалай өтеді

Одақтас және автономиялы республикалардың Жоғарғы Советтерінің, еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауына әзірленуге және оны өткізуге совет халқының ең қалың бұқарасының белсене қатысуы — біздің мемлекеттің шын мәнісіндегі демократиялық сыйпатының айқын айғағы. «Біздің қолымыз жетіп отырғандардың бәрі, — деген болатын ұлы Ленин — біздің дүние жүзіндегі ең тамаша күшке — жұмысшылар мен шаруалардың күшіне сүйеніп отырғанымызды көрсетеді». ССРО-дағы сайлау системасы қанаушылық құрылыстан мәңгі азат етілген совет адамдарының моральдық-саяси бірлігін бейнелейді. Бұл система әрбір сайлаушының өзінің құрметті правосын жүзеге асыруына нақты мүмкіндік береді.

Социализм мен демократияның дүниежүзілік лагерьіндегі барлық басқа елдердің сайлау системалары шын мәнісінде демократизм рухында жасалған. Мысалы, Қытай Халық Республикасының Конституциясы елдің қалың халық бұқарасының сайлауға белсене қатысуына кепілдік береді. Қытай Халық Республикасы Конституциясының 2-статьясында былай делінген: «Қытай Халық Республикасында бүкіл өкімет халықтыкі, яғни халық өкілдерінің Бүкілқытайлық Жыйналысының және халық өкілдерінің жергілікті Жыйналыстарының».

Капиталистік лагерьдегі елдерде жағдай мүлде басқаша. Империалистік буржуазия халық бұқарасының инициативасынан өлердей қорқады. Капиталистік мемлекеттердің сайлау системасы барлық артықшылықтарды қанаушы таптарға беру мақсатын көздейді. Капиталистік елдерде еңбекшілер бұқарасы өздерінің сайлау правосын жүзеге асыруға қажетті материалдық құралдардан айрылған. Олардың сайлау жыйналыстарын өткізетін үйлері жоқ, сайлау алдындағы плакаттарды басатын баспаханалары жоқ, ұсынылған әрбір кандидат үшін арнаулы ақшадай кепілдік беретін ақша қаражаттары жоқ. (Бірқатар капиталистік елдерде, мысалы, Англияда сайлаушылар ұсынылған әрбір кандидат үшін едәуір мөлшерде ақша беріп қоюға міндетті, ал егер бұл кандидат сайланбай қалған күнде, осы ақшаны үкмет конфискулен алады). Еңбекшілердің сайлау правосы бұзылып жүргенін әсіресе АҚШ-тағы жағдайдан айқын байқауға болады.

Мұнда бірқатар штаттарда дәулет жағынан қойылатын ерекше ценз (шек) бар: белгілі мөлшерден аз ақша табатын немесе жұмыссыздық жөніндегі жәрдемің есебінен ғана күнелтетін адамның сайлау правосы жоқ. АҚШ-тың сегіз штатында азаматтар айрықша сайлау

ған есептеріне қарағанда, АҚШ-тағы парламенттің әрбір жаңа сайлауы сайлаушылар белсенділігінің барған сайын анағұрлым төмендеуіне әкеліп соқтыруда. 1896 жылы АҚШ-та сайлау правосымен пайдаланатын азаматтардың 83 проценті сайлауға қатысқан, 1916 жылы бұл цифр 72 процентке дейін төмендеп, 1944 жылы 56 процент, ал 1948 жылы тіпті 51 процент қана болған. 1954 жылғы сайлауға келетін болсақ, америкалық «Стар» газетінің хабарлауынша, «бұған дейін әлі ешуақытта, ең болмағанда соңғы жылдары, екі партияның осыншалық көп жақтаушылары сайлауда дауысқа түскен кандидаттарға мұндай нежұрайлықпен қараған емес».

Империалистік буржуазия сайлау заңына әртүрлі «түзетулер» енгізу арқылы шын мәнісіндегі демократияны және прогресшіл ұйымдары парламенттегі өкілдігінен айырады немесе олардың өкілдігіне шек қояды. Мысалы, Англияда қауымдар палатасының 1950 жылғы сайлауында ағылшын коммунистері 91.812 дауысқа ие бола тұрса да, палатада бірде бір орын алған жоқ. Ал оның бәр жағында лейбористер мен консерваторлар әрбір 38 мың дауысқа парламентте бір-бірден орын алды. Францияда 1951 жылғы сайлауда оңшыл социалистер дауысты коммунистерден гөрі екі есе аз алды. Бірақ сайлау заңына сәйкес Франция еңбекшілерінің басым бөлігінің толық сеніммен пайдаланып отырған Француз коммунистік партиясының парламентте қанша депутаттары болса, оңшыл социалистер де парламентке сонша дерлік өз депутаттарын өткізді.

Буржуазиялық сайлау системасын сыйпаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «Капиталистік демократияның тетігіне байыптап қарасақ, қай жерінен болса да біздің көретініміз: сайлау правосының «ұсақ-түйек», ұсақ-түйек деп саналатын өңгейі-тегіжайымен де (отырықшылық пен жеңіл, әйелдердің шығарылып тасталуы, т. т.), өкілдік мекемелердің техникасынан да, жыйналыстарға іс жүзінде жасалатын кедергілерден де (қоғам үйлері «қайыршылар» үшін емес!), күнделікті баспасөздің кілең капиталистік жолмен ұйымдастырылуынан да, қысқасы осы сияқты нәрселердің бәріннен де біздің көретініміз— демократизмді тарылату да тарылту».

Империалистік буржуазия буржуазиялық-демократиялық бостандықтардың туын суға лақтырып тастап, сайлаушыларға қарсы анықтан-анық фашистік террор жасау системасын қолдануда, ең жексұрын реакцияшыл ішкі саясатты да, сондай-ақ сыртқы саясатты да жүзеге асыруда. Халықтардың өз тағдырын өздері шешуге правосы екенін агрессия-

„Гуаньминьжибао“ Черчилльдің сөз сөйлеуі жайында

ПЕКИН, 4 март. (СОТА). «Гуаньминьжибао» газеті «Черчилль Англия дағдырымен ойнайды» деген мақаласында, дүние жүзінің халықтары бірауыздан атом қаруына тыйым салуды және атом соғысы хаушын жоюды талап етіп отырған кезде, ал БҰҰ-ның Лондонда мәжіліс құрып жатқан қарусыздандыру жөніндегі комиссиясының Көмекші комитеті қару-жарақты қысқартуға және атом қаруына тыйым салуға қатысы бар мәселелер талқылап жатқан кезде, Англияның премьері Черчилль атом соғысына шақырады, деп көрсеткен.

Черчилльдің сөзінің қайдағы бір «Советтік хаушын» туралы айтқан бөлігіне түсінік бере келіп, газет Англия басшыларының жанталаса қаруланудың үкметтік программасын мұндай ойдан шығарылған өтіріктермен бүркемелеуге әре-

кеткенушілігі мен дүние жүзінің жұртшылығын алдай алмайды, деп көрсетеді. Кімнің бейбітшілікті жақтап және кімнің бейбітшілікке қатер төндіріп отырғанын, деп жазады газет, аңғару қыйын емес. Совет Одағы атом және сутегі қаруларының запасын жоюға, қарулы күштерге және соғыс қаржыларына шек қоюға шақырған айқын ұсыныс жасады, қарусыздандыру жөнінде кең негізде бүкіл дүниежүзілік конференция шақыру үшін күш жұмсауда. Черчилльдің 1 мартта қауымдар палатасында жариялаған саясаты халықаралық жағдайдың бұрынғыдан да гөрі нашарлауына, бейбітшілікке елеулі қатер төнуіне әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай саясат жүргізу, — деп жазады газет қорытындысында, — Англия дағдырымен ойнауды көрсететіндігі мүлде айқын.

Қытайдағы жол құрылысы

ПЕКИН, 4 март. (СОТА). «Гуньжэньжибао» газетінің хабарына қарағанда, үстіміздегі жылы Қытайда 13 тас жол салу және жөндеу есеп сыяқты, 23 жаңа тас жолдар салу үшін трассалар іздестіру жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілетін болады. Мұндай жолдар негізінен тау-кен өндірісі аудандарында салынады.

Синьцзянда Қытайдың ішкі аудандарымен байланыстыратын Қашиндан Туардүтөге дейін тас жол салына-

ды. Январда Гуйяньчжан және Юньвань-Гуйжоу тас жол құрылысы участогінде жөндеу жұмыстары басталды.

Оңтүстік-Батыс Қытайда үстіміздегі жылы 4 тас жолдар салынатын болады. Тас жолдар бас басқармасы кәзірдің өзінде болашақ Лхас-Шигатзе тас жолы трассасында зерттеу-жобалау жұмыстарына кірісті. Бұл жол Сикан-Тибет және Цинхай-Тибет тас жолдарын өзара жалғастырады.

Бразилиядағы жер реформасы жолындағы қозғалыс

МОНТЕВИДЕО, 4 март. (СОТА). Бразилияда жер реформасы үшін қозғалыс кең өріс алуда. Елде реформа жүргізуді талап еткен үндеуше бес миллион қол қойдыру науқаны әлі жүріп жатыр. Шаруалар мен ауыл шаруашылығы жұмысшыларының әділ талаптарын ел жұртшылығының әртүрлі топтары қолдауда.

Еңбекшілердің барлық топтарын жер реформасын жүргізуді кеңінен қолдауға шақырған үндеуге 80 депутат, 2 сенатор, елдің 13 штаттарының заң шығару жыйналыстарының жүздеген депутаттары, кәсіподақтары мен қоғам қайраткерлері, кәсіпкер топтардың өкілдері, мәдениет қайраткерлері өздерінің қолдарын қойды. Пара штатының заң шығару жыйналысы шаруалар мен ауылшаруашылық жұмысшыларына өздерінің ын-

тымақтастығын білдірді және демократиялық жер реформасын жүргізу науқанын қолдайтындықтарын мәлімдеді.

Кампос (Рио-Де-Жанейро штаты) және Мариллия (Сан-Пауло штаты) қалаларында реформа жүргізу жөніндегі талапты қолдау ретінде бұқаралық митинг өткізілді.

Қол қойдыру және аграрлық реформа жолындағы күресті ұйымдастыру жөнінде жұмыстар жүргізу үшін штаттар мен муниципалитеттерде арнаулы комиссиялар құрылуда. Бірқатар жерлерде шаруалар ұйымдары пайда болуда. Жуырда баспасөздің ақпараттарындай, Форталеза қаласында «Сепар штаты жер өңдеушілері мен ауылшаруашылық еңбекшілерінің одағы» құрылған.

АМЕРИКАН ИМПЕРИАЛИЗМІНІҢ АЗИЯ ДАҒЫ ТІМІСКІЛЕНУШІЛІК ӨРЕКЕТТЕРІ

Стассеннің сапары

ДЕЛИ, 3 март. (СОТА). «Хиндустан стандарт» газетінің жазып отырғанындай, шетелдік операциялар басқармасының басшысы Гарольд Стассен Делиде болған бәлмәз конференциясында сөй-

елдерге Стассеннің келудегі мақсаты АҚШ-тың ұсыныстары жайында бұл елдер үкметтерінің көзқарасы қандай екенін анықтауды көздейді. Стассеннің Индия үкметінің премьер-



СУРЕТТЕ: облыстық шахмат турниріне қатысушылар. Оң жақта жарыс бойынша бірінші орын алып, облыс чемпионы атағына ие болған Р. Кильматов пен Н. Омаров ойын үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Облыстық шахмат турнирі

Облыстық Совет атқомінің кітапхана-сында облыстық шахмат турнирі болып өтті. Январь айы бойы өткізілген екі жартылай финалды жарыста сайысқан шахматшылар финалға шығып, шахмат жөнінен облыс чемпионы атағын алу үшін күресті. Финалды жарыс 10 февраль күні басталды. Оған облысымыздың 13 күшті шахматшылары қатысты. Олардың бесеуі — бірінші разрядшы, ал сегізі — екінші разрядшы шахматшылар. Бұл жарысқа Совет ауданынан бірінші разрядшы Машков, Көнүхов ауданынан екінші разрядшы Паль, Булаев ауданынан екінші разрядшы Швоб, Мамлют ауданынан екінші разрядшы Азеговтар қатысты.

Облыстық шахмат турнирі шахматшылардың шеберліктері өсе түскенін байқатты. Бірқатар шахматшылар дебютты (ойынның басқа кезеңі) жақсы білетіндіктерін көрсетті. Олар байымдылықпен ойын жоспарын құрып, тактикалық шешеністерді аңғарып, жеңіске жету үшін сайысты. Жарыста ойналған 78 партияның тек тоғыз ғана теңестен аяқталды. Ал қалғандарының бәрі нәтижелі болды.

Кейбір шахматшылар уақытты дұрыс пайдалана алмай жеңіліске ұшырады. Жарыстың онының тұрында Азегов пен Иосилевич уақытып өткізіп алғандықтан жеңіліп қалды. Шахматшы Лебедев те уақытты дұрыс пайдалана алмағандықтан Киммен ойнаған партиясында ойынды сәтсіз аяқтады.

Финалдың екінші жартысы жарыстың лидерін анықтады. Бірінші разрядшы Кильматов әріптестерінің бірінен соң бірі жеңіп, бірінші орынға шыға баста-

тов 10 турдан кейін жарыстың лидері болып, бірінші орынға шықты.

Жарысқа қатысушылар енді екінші, үшінші орындарды жеңіп алу үшін таласты, 7 шахматшының ұпайлары бір-біріне жақын болғандықтан екінші, үшінші орындардың тағдырын ең соңғы 13-тур шешетін болды. Бұл турда Машков пен Паль жеңілгендіктен кейінгі орындарға түсіп қалды. Лебедев пен Ивановскийдің соңғы турда жеңуі оларға екінші, үшінші орындарды бөлісіп алуға мүмкіндік берді.

Облыстық шахмат турнирінің қорытындысында бірінші орынды «Труд» ерікті спорт қоғамының бірінші разрядшы шахматшысы Кильматов жеңіп алып, облыс чемпионы атағына ие болды. Екінші, үшінші орындарды «Искра», «Спартак» ерікті спорт қоғамдарының шахматшылары Ивановский мен Лебедев бөлісіп алысты. «Искра», «Урожай», «Энергия» ерікті спорт қоғамдарының шахматшылары бірінші разрядшы Әуелбеков, екінші разрядшылар Паль және Иосилевичтер төртінші, бесінші, алтыншы орындарды бөлісіп алысты.

Ең жас шахматшы Ивановскийдің шахмат шеберлігін атап өтуге болады. Ол өзінің дебют репертуарын толықтырып, байсалдырақ, ойланып ойнайтын болса, келешекте тамана жеңіске ие болуына үлкен перспективасы бар. Машков өзінің мүмкіндігінен төмен ойнады. Шахматшы Қарымсағов та ойнаған партияларында бірқатар қателіктер жіберіп, кейінгі орында қалды.

Облыстық шахмат турнирінде озық шыққандарға облыстық физкультура және спорт комитетінің ауыспалы жүлдесі

салығын төлеуге тиіс. Мұндай салықты төлей алмайтын еңбекшілер сайлау правосын автоматтық түрде айрылады. АҚШ-тың миллиондаған еңбекшілері отырғыштық пензисі деп аталатын шек қоюшылық саддарынан сайлау правосынан айрылған.

Бірақтар капиталистік елдерде езілген халықтар сайлау правосынан ресми түрде айрылған. Мысалы, Оңтүстік Африка Одағында негрлер және Индиядан шыққан адамдар, яғни Оңтүстік Африка Одағының барлық тұрғын халқының 85 проценттен астамы сайлау правосымен пайдаланбайды. Австралияда сайлау правосы жергілікті Австралия халқына берілмейді. Америка Құрама Штаттарында істің жайы бұдан да нашар. Мұнда миллиондаған негрлердің саяси правосы жоқ, ал оның бер жағында негрлер сөз жүзінде ғана сайлау правосымен «пайдаланады».

Американың оңтүстік штаттарында сайлау жасында 5 миллионнан аса негрлер бар деп ресми түрде саналып жүр. Бірақ 1952 жылғы сайлауда, өкімет орындарының өздерінің мойындауына әрбір бес негрден бір негр ғана сайлау участогіне бара алған болатын. Сайлаудың қарсаңында Оңтүстік Каролинадан сайланған американың сенаторы Джон Лонг мынадай мәлімдеме жасады: «Негрлердің бастапқы сайлауға қатысуына келетін болсақ, біз оларды участоктік жыйналыстарда талқандайтын боламыз. Біз оларды округтік жыйналыстарда талқандайтын боламыз, біз оларды тізімдер жасаған кезде талқандайтын боламыз және, құдайға ант етейін, біз оларды сайлау урналарының қасында да талқандайтын боламыз...». Сондықтан да жүгенсіз кетіп дандайсыған бұзақылар полицияның тікелей қамқорлығымен пайдаланып, сайлау болған күні негрлерге Линч сотын жасаған. Оңтүстік Каролинада 66 жастағы негр священнигі Арчи Уэр дауыс беруге арналған кабинадан шыға бергенде, оның ішіне үш жерден пышақ салынған.

АҚШ-тағы сайлау кезінде кемеітүшілік әрекеттеріне негр халқы ғана ұшыратылып отырған жоқ. Барлық прогресшіл американдарға қарсы жорық жариялаған американың сенаторы Маккарти барлық прогресшіл сайлаушыларға, бейбітшілік пен демократияны жақтаушыларға, кәсіподақтардың белсенді қайраткерлеріне террор жасауға, Линч сотын жасауға ашықтан-ашық шақырды. Американың конгресінің соңғы сайлауында прогресшіл элементтер АҚШ-тың екі штатында ғана — Нью-Йорк пен Калифорнияда ғана өз кандидаттарын ұсына алды. Американың көптеген қарапайым адамдары мұндай жағдайда сайлау науқанына қатысудан бастартты.

Американың журналисі Стейннің шығар-

шы империалистік топтардың жанындағысы келмейді. ССРО Жоғарғы Советінің жұырда ғана аяқталған сессиясында жасаған баяндамасында В. М. Молотовтың айтқанындай, халықтардың капитализм бұғауларынан азат етілуге ұмтылған талаптарының заңдылығын агрессиалық топтардың мойындағысы келмейді, олар бүкіл дүние жүзінде капитализмнің үстемдігін қалпына келтіруге барынша тырысуда.

Бірақ капиталистік елдердегі халық бұқарасы соғыс өртің тұтандырушылардың қылмысты саясатына батыл қарсы шығуда, герман милитаризмін қайта тұндыру саясатына қарсы шығуда, атом, сутегі қаруына және адамдарды жаппай қырып-жойтын басқа құралдарға қарсы шығуда. Бұқараның ықпал жасауы нәтижесінде Англияның, Батыс Германияның және Францияның парламенттерінде герман вермахтын қалпына келтіру мақсатын көздеп отырған Париж келісімдеріне қарсы наразылық күшейе түсуде.

Империалистік мемлекеттердің сайлау системасы халықтың едәуір бөлегін өзінің азаматтық правосынан айыруда. Сонымен бірге империалистік мемлекеттердегі парламенттер ұдайы халықтардың еркіне қарама-қарсы әрекеттер жасауда. Ал Совет Одағында жағдай бұдан мүлде басқаша болып отыр. Бізде барлық азаматтардың сайлауға қатысуына кепілдік беріледі, ал азаматтар сайлаған өкімет органдары, соның ішінде Жоғарғы Советтер, халықтардың мүдделеріне сай келетін саясатты жүзеге асырып отырады. Мұны, атап айтқанда, ССРО Жоғарғы Советінің жұырда болып өткен сессиясының материалдары айқын көрсетеді. ССРО Жоғарғы Советінің сессияда қабылданған Декларациясы халықтар арасында бейбітшілікті сақтау және баянды ету ісін біздің еліміз бен оның жоғары өкімет органдарының қандай дәйектілікпен қорғап отырғанын тағы да еске салды. Ал Совет мемлекетінің ішкі саясатына келетін болсақ, бұл саясат совет халқының әл-ауқатын бұлжытпай арттыра берудің қайнар бұлағы болып табылатын ауыр индустрияны басымдықпен өркендетудің Лениндік принципіне негізделген. Советтік ішкі және сыртқы саясат халқымыздың түбірлі мүдделерін білдіреді және дүние жүзінің барлық халықтарының көздеген талаптарына сай келеді.

Өкімет органдарын сайлаудың біздегі системасын және бұл органдар жүргізіп отырған саясатты империалистік елдерде бұл жөнінде орын алып отырған практикамен салыстырсақ, мұның өзі шын мәнісіндегі халықтық демократияның принциптерін жүзеге асыруда біздің шынында да аса зор табыстарға жеткенімізді тағы да еске түсіреді.

Профессор М. БАСКИН.

сөйлеп, Индияда «американ көмегі» күшейтудің мүмкін екендігіне назар аударған. Бұл көмек Стассеннің айтуынша, атап айтқанда АҚШ президенті Эйзенхауэр ұсынған азиялық елдерге «көмектесудің» жаңа «программасы» бойынша көрсетіледі (бұл көмектің бірыңғай саяси мақсаттарды көздеп отырғаны жұртқа мәлім —Ред).

Газет бұдан кейін, Стассеннің мәлімдемесіне сүйеніп, былай деп жазған: жаңа американың программасы бойынша «көмек» көрсетілетін Индия мен басқа азиялық

ИЗРАИЛЬ-ЕГИПЕТ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ ЖАНЖАЛ ЖАЙЫНДА

НЬЮ-ЙОРК, 3 март. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігінің хабарлауынша, Египет пен Израиль әскерлерінің 28 февральдан 1 мартқа қараған түнде Египет-Израиль шекарасында, Газа қаласы ауданында соқтығысуымен байланысты туған жағдайды талқылау үшін Египеттің талап етуі бойынша ертең БҰҰ Хауіпсіздік Советі шақырылатын көрінеді. Каирден алынған хабарларға қарағанда, Египет соғыс министрінің өкілі былай деп мәлімдеген: Израиль әскерлері Египеттің территориясына екі километр өтіп, Египеттің әскери бөлімі орналасқан жерге шабуыл жасады. Египет пен Израиль әскерлерінің арасында үш сағатқа созылған соқтығысу кезінде, деп көрсеткен ол со-

Балкан шартына қатысушы елдер сыртқы істер министрлері кеңесінің аяқталуы

АНКАРА, 3 март. (СОТА). Мұнда 28 февральдан 2 мартқа дейін Балкан шартына қатысушы елдердің кеңесі болып өткен, оған Туркияның сыртқы істер министрі Кепролю, Грецияның сыртқы істер министрі Стефанопулос және Югославияның сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік секретары Попович қатысқан.

Кеңес аяқталғаннан кейін жарияланған мазмұндамада былай делінген: кеңеске қатысушылар Балкан шарты елдерінің өткен жылы августта Бледада өткізілген кеңесінен бергі уақыттың ішінде болған оқиғалар тұрғысынан халықаралық жағдайды қарап шықты.

СИРИЯ МЕН ЕГИПЕТ АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ

ДАМАСК, 3 март. (СОТА). Мұнда соңғы уақытта Египеттің Ұлттық басшылық министрі Салах Салемнің Сирия басшыларымен жүргізілген келіссөздерінің нәтижесінде бүгін ынтымақтасу туралы Сирия-Египет келісіміне қол қойылған.

Сирияның сыртқы істер министрі Халед Азен Франс Престің тілашісімен әңгімелескенде, Сирия мен Египеттің саяси, экономикалық және соғыстық мәселелер жөнінде келісім жасасқанын мәлімдеген.

министрімен және басқа мүшелерімен келіссөздерінің көрсетілуіне назар аударған. Бұл келісіммен танысқаннан кейін оның тексті Дамаскіде және Каирде бір мезгілде жарияланады.

КАРАЧИ, 3 март. (СОТА). Шетелдік операциялар басқармасының басшысы Гарольд Стассен 2 мартта Барачиге келген. Ол «Пакистанды өркендету жобаларын жүзеге асыру ісіндегі американың ынтымағы» туралы Пакистан үкметінің мүшелерімен келіссөздер жүргізген.

нымен қатар Египет жағынан 42 адам, соның ішінде 6 жай адам өлді және 39 адам жараланған. «Аль-Ахбар» газетінің деректері бойынша, Израиль жағынан 46 адам өлген.

Израиль жарияланған мазмұндамада былай деп көрсетілген: Египет әскерлері Израильдің территориясында Израиль әскерлеріне бірінші болып шабуыл жасады, бірақ кейін қарай өзінің шекарасына қуылып тасталды.

Ассошиэтед Пресс агенттігінің мәліметтері бойынша, Израиль тегі, Хауіпсіздік Советі мен Египет-Израиль қатынастарын тұтасымен талқылауды талап ететін сымақты.

Үш елдің әрқайсысынан 20 өкілден қатысушы 60 депутаттың құрамында, консультация алысу міндеттері жүктелетін Балкан парламенттік ассамблеясын құру туралы қарар қабылдаған. Сонымен қатар Балкан шартына қатысушы елдердің техникалық, экономикалық және мәдени салаларда онан әрі ынтымақтасуы туралы да қарарлар қабылданған.

Балкан шартының 3 мүшесінен 2 мүшесінің (Туркия мен Грецияның) Солтүстік-атлантикалық договорға қатысушылардың қатарына кіріп отырғанын еске салу керек.

Ол және былай деген: басқа Араб елдері бұл келісіммен танысқаннан кейін оның тексті Дамаскіде және Каирде бір мезгілде жарияланады.

ПАРИЖ, 3 март. (СОТА). Франс Пресс тілашісінің Дамаскіден берген хабарына қарағанда, Египет пен Сирияның арасында жаңа ғана қол қойылған келісім араб мемлекеттерінің кәзіргі коллективтік хауіпсіздік шартын саяси, экономикалық және соғыстық жағынан күшейтуге тиіс.

ды. Ол 10 тұрған кейін 3 ұланы қалды. Ал, турнирдің басқа қатысушылары мұндай көрсеткішке жетісе алмады. (Бильма-

В. ЛЯПУНОВ,
Жарыстың бас төрешісі.

Шайбалы хоккейден дүние жүзінде бірінші орын алу жарысы

БЕРЛИН, 4 март. (СОТА). Кеше шайбалы хоккейден дүние жүзінде бірінші орын алу жөніндегі жарыстың барысында Совет Одағының командасы Дюссельдорфте Батыс Германия хоккейшілерімен кездесті.

Бірінші кезең ССРО командасының басымдылығымен өткізілсе де, 1:0 есебімен Батыс Германия командасының пайдасына аяқталды.

Екінші кезеңде совет хоккейшілері инициативаны берік өз қолдарына алды және оны кездесудің ақырына дейін ұстап тұрды. Бұл кезеңде олар Батыс Германия командасының қақпасына екі шайба өткізді.

Соңғы кезеңде ССРО хоккейшілері қа-

уырт комбинациялар, қатты шабуылдар жасаумен болды. Батыс Германия командасының қақпасына тағы да үш шайба өткізілді. Совет хоккейшілері 5:1 есебімен кезекті жеңіске жетті. Үш шайбаны Кузин және екі шайбаны Хлыстов елгізі.

Крефельдте Канада хоккейшілері 3:0 есебімен Швеция командасын жеңді. Бельяде Чехословакия мен АҚШ командаларының кездесулері 4:4 есебімен тең аяқталды.

Сол сымақты, Бельяде Польша мен Финляндия командаларының кездесуі 6:3 есебімен Польша хоккейшілерінің пайдасына шешілді.

ССРО Қорғаныс Министрлігі Орталық спорт клубының жүзу бассейнінің ашылуы

Москвада жаңа бір тамаша спорт құрылысы салынды. Жуық арада ССРО Қорғаныс Министрлігі Орталық спорт клубының қысқы жүзу бассейні ашылды.

Жаңа бассейн — еліміздегі ең үлкен бассейн және Европадағы ең үлкен бассейндердің бірі. Оның көлемі — 50 метр, ені — 20 метр. Бассейнде бір мезгілде сегіз спортшы жарыса алады. Ал жарыстарды екі мыңнан аса адам көре алады.

БОЛГАРИЯДАҒЫ ЖАҢА СТАНЦИЯ

СОФИЯ, 4 март. (СОТА). Кеше Болгарияда Стенан Кираджиев атындағы мемлекеттік целлюлоз заводы жанында, совет мамандарының қатысуымен қысқа мерзім ішінде салынған жаңа электр станциясы қатарға қосылды. Бұл электр станциясы целлюлоз заводы үшін де, сондай-ақ халық шаруашылығының басқа қажеттері үшін де тоқ береді.

Бассейннің ашылуына арналған спорт мейрамы жүзгіштердің парадымен бас-талды.

Суда жүзу және суға секіруден үлгі ретіндегі жарыс өткізілді, оған еліміздің ең күшті жүзгіштері қатысты. Жарыстың соңында ССРО Қорғаныс Министрлігінің Орталық спорт клубы мен Қызылтулы Баспий флотилиясының командалары арасында су полюсінен жолдастық кездесу болды.

(СОТА).

АНГЛИЯНЫҢ БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 4 март. (СОТА). Кеше Англияның бейбітшілікті қорғау комитеті Англия үкметінің «Өзінің сыртқы саясатын және соғыс стратегиясын сүттегі және атом қаруын өндіру және қолдануға негіздеу» жөніндегі қарарын айыпты мәлімдеме жариялаған.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ТЕНІЗ АҢШЫСЫ»

Сеанстар ертеңгі сағат 9-30, 11, 12-30, 2, 3-30-да және кешкі сағат 5, 6-30, 8, 9-30, 11-де басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ЧЕМПИОНЫ»

Сеанстар ертеңгі сағат 9, 11, 1, 3, және кешкі сағат 5, 6-40, 8-30 және 10-да басталады.

РЕДАКЦИЈАНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.